


ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

**КАРАНТИН ҰЗАРТЫЛУЫ МҮМКІН БЕ?**

3-БЕТТЕ



ҚАЛА МЕН САЛА

**ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ БАР**

6-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

**ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ**

8-9-БЕТТЕРДЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

NurSultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

# ASTANA AQSHAMY

ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ! 30 жыл

№79-80 (4049) Бейсенбі 9 шілде 2020 жыл






Елордада «Үйдегі дәрігер» жобасы аясында жұмыс жүргізіп келген «Аманат» отбасылық денсаулық орталығы қазіргі пандемия жағдайына бейімделіп, көпшілікке қолжетімді қызмет көрсете бастады. Мұнда алғашқы медициналық көмек көрсетумен қатар, мобильдік бригада қызметі іске қосылған. COVID-19 инфекциясы бойынша тест қабылдау да жүргізіледі. 4

# «ҮЙДЕГІ ДӘРІГЕР»

## КӨПШІЛІККЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

## «КӨГІЛДІР ОТЫН» КЕЛДІ!

Елорданың әлеуметтік нысандары мен жеке тұрғын үйлерге табиғи газ келді. «Көгілдір отынның» игілігін алдымен «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мен №29 орта мектеп, «Көктал-1» және «Железнодорожный» тұрғын алаптарының бірқатар тұрғындары көре бастады. Бас қала тарихындағы ерекше оқиға басынан Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов табылып, тұрғындарды құттықтады.

– Бұл – шын мәнінде тарихи оқиға. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған бес әлеуметтік бастаманың басты жобаларының бірі – елорданы газдандыру. Елордаға өткен жылдан бері 1 мың шақырым магистралды газ құбыры тартылды. Қазір орамішілік газ тарату желілерін салып жатырмыз. Әсіресе, бұл жұмыс жеке секторда қарқынды жүргізіліп жатыр. Қыстың тымық күндері пеш жағудың салдарынан қаланы түтін басатынын білесіздер. Әрине, қала экологиясына бұл жағдай кері әсерін тигізуде. Газдандыру – Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Биыл біз 8 мың жеке үйге газ тарату желілерін салуды жоспарлап отырмыз. Астана күні қарсаңында алғашқы әлеуметтік нысандар мен жеке үйлер газға қосылды.

(Соңы 2-бетте)






«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 461.24 $ USD/KZT 409.19 ₽ RUB/KZT 5.67 ¥ CNY/KZT 58.26

www.astana-akshamy.kz

4 870223 050016

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# КОРОНАВИРУСПЕН КҮРЕСКЕ 191 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

**Қазақстанда коронавируспен күреске 191 млрд теңгеден аса қаржы бөлінді. Бұл туралы ҚР Қаржы министрінің бірінші орынбасары Берік Шолпанқұлов мәлім етті.**

– Бүгінгі күнге коронавируспен күреске республикалық бюджеттен 191,9 млрд теңге бөлініп отыр. Эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 125 млрд теңге көзделген. Бұл қаражат медицина және басқа қызметкерлерге қосымша ақы төлеуге, 3 инфекциялық аурухана құрылысына және басқа шараларға жұмсалды. Сондай-ақ коронавирус індетімен күреске Үкімет резервінен 66 млрд 957 млн теңге, оның ішінде Денсаулық сақтау министрлігіне 46 млрд 587 млн теңге бөлінді. Оның 125 млрд теңгесі бюджетті нақтылау аясында, 66,9 млрд теңгесі Үкімет резервінен бөлінген. Аталған қаражат мақсатты бағыттарға жұмсалады және қатаң бақылауда болады. Бұдан басқа, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан Медициналық қызметтер сапасын бақылау комитеті арқылы да көрсетілетін медициналық қызметтерге бақылау жүргізіліп, қадағаланады, – деді Қаржы министрінің бірінші орынбасары.



# БИЫЛ 8000 ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

**Елорда күні қарсаңында бас қалада құрылысы сегіз жылға созылған «Столичный-2» тұрғын үй кешені пайдалануға беріліп, 200-ден аса үлескердің мәселесі шешілді.**

– Ұзақ салынып жатқан әрбір құрылыспен біз жеке жұмыс жасап жатырмыз. Үлескерлердің мәселесі – Мемлекет басшысының бақылауында. Пандемияға қарамастан, құрылысшылар қатаң санитарлық нормаларды сақтай отырып, құрылыс жұмыстарын жалғастыруда. Тағы бір проблемалы нысан – «Территория комфорта-1» тұрғын үй кешені. Ол 2004 жылдан бері тұр. Техникалық тексеріс ғимарат апатты жағдайда екенін анықтады. Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін ғимаратты бұзу туралы шешім қабылданды. Орнына жаңа тұрғын үй кешенінің құрылысы жүргізілуде. 500-ден аса адам үлескер атанды. Сонымен қатар, ұзақ уақыт салынып жатқан «Шығыс», «Жағалау» тұрғын үйлері де бар. Әр нысан бойынша нақты жоспар бар, – деді қала әкімі Алтай Көлгінов «Столичный-2» тұрғын үйіне пәтер алушыларына кілт тапсыру кезінде.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов биыл көппәтерлі 20 тұрғын үй кешені пайдалануға берілетінін, демек 8 мың үлескер көптен күткен пәтерлерін алатынын айтты. Бұл пәтерлер үй кезегінде тұрғандарға, көпбалалы отбасыларға, мүгедек баласы бар отбасыларға, бюджеттік қызметкерлерге және Тұрғын үй құрылыс банкі салымшыларына беріледі.



## СҮБЕЛІ СӨЗ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

**Менің тапсырмам бойынша құқық қорғау органдары дәрі-дәрмектің бағасын заңсыз қымбаттатқан адамдарды ұстап жатыр. Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмысы жалғасуда. Ел азаматтарын дәрі тапшылығын туғызып, дүрбелеңге салынбауға шақырамын.**

(07.07.2020 ж. твиттердегі парақшасынан алынды)

# «КӨГІЛДІР ОТЫН» КЕЛДІ!

Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Жылыту маусымы басталғанша осындай мүмкіндікті жеке сектордың басқа тұрғындарына беруіміз керек. Сол кезде экология да жақсарып, тұрғындардың, әсіресе қарт адамдардың өмірі жеңілдейді. Газдандырудың бірінші кезеңінде-ақ зиянды қалдықтардың ауаға таралуы 6 есеге немесе 40 мың тоннаға азаяды. Алдағы уақытта «Көктал-1» және «Көктал-2», «Агрогородок», «Промышленный», «Железнодорожный» тұрғын алаптары және «Оңтүстік-шығыс» ауданының бірқатар үйлері биыл газға қосылып, ЖЭО-1 және ЖЭО-2 газға ауыстырылады. Пандемияға қарамастан жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Мақсатымыз – елорданы абат аймаққа айналдыру, бас қала көркіне көрік қосу. Сондықтан баршаңызды осы тарихи оқиғамен құттықтаймын, – деді А.Көлгінов.

Алғашқы әлеуметтік нысандар мен жеке үйлерге газдың келуі газ тарату желілеріне ғимараттарды қосуға болатынын көрсетті. Басқа тұтынушыларды «көгілдір отынға» қосу рәсімі желілерді іске қосу-жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жалғасады. Қазір «Железнодорожный» тұрғын алабында газбен жабдықтау, тарату желілерінің 96 пайызы салынды. ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ден тұрғын алаптардағы үйлерге желілерді тікелей бұру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

– Астана күні қарсаңында ерекше қуанышты жағдайда тұрмыз. Бізге «көгілдір отын» келді. Пеш жағып көрген жандар ғана бізді түсінеді. Қыста аспанымыз түтіннен көрінбейтін. Енді бәрі өзгереді. «Көктал» тұрғындары, негізінен, қарт адамдар. Енді оларға әлдеқайда жеңіл болады. Көмір сатып алудың қажеті болмайды, – деді «Көктал-1» тұрғыны Галина Антонюк.

«Железнодорожный» тұрғыны Сәуле Жүнісова Елбасына тарихи жоба үшін алғыс айта келе, табиғи газға қосылуды ұмытылмас оқиғаға балады.

– Нұрғиса Тілендиев даңғылы бойында және онымен қиылысатын көшелерге газ құбырлары салынып, «көгілдір отын» жеке үйлерге жеткізілді. Бұл игі іс болды. Енді жастарымыз, ұрпағымыз таза қалада таза ауамен тыныстайды, – деді «Көктал-2» тұрғыны Жеңіс Жанаев.

Қазір қала әкімдігі тұрғындар үшін газды есептеу құралдарын тегін орнатуды қарастырып жатыр. Тұрғындарға газ тарату желілеріне қосылу үшін газ пешін дайындау қажет.

Айта кетейік, өндірістік сектор мен тұрғын алаптарын газдандыру 3 кезеңде жүргізіледі. Екінші кезеңде «көгілдір отын» «Мичурино», «Интернациональный», «Күйгенжар», «Тельман», «Пригородный» тұрғын алаптары мен Garden Village және Family Village коттеджер қалашықтарына жеткізіледі. Үшінші кезеңде «Ильинка», «Шұбар», «Өндіріс» тұрғын алаптары газдандырылатын болады. Жобаны іске асыру мерзімі 2020-2023 жылдарға жоспарланған.

# ЖАЙЛЫ ҚАЛА АУЛАСЫНАН КӨРІНЕР

**Қала күні қарсаңында елордада 40-тан аса аула мен 20 қоғамдық орындар – аллеялар мен скверлер абаттандырылды. Жалпы, биыл 150 аула мен 50 қоғамдық кеңістік абаттандырылады деп жоспарланып отыр. Байқоңыр ауданында – 50 аула, Сарыарқа ауданында – 40, Алматы ауданында – 33, Есіл ауданында 20 аула абаттандырылады.**



Аулалар «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» жоспарының тұжырымдамасы аясында абаттандырылуда. Қазіргі уақытта елордада барлығы 1560 аула бар, оның 70 пайызы абаттандырылған. Байқоңыр ауданында 20 ауланы абаттандыру жұмыстары аяқталды, биыл жалпы 70 ауланы абаттандыру жоспарланған. Олардың ішінде «Өндіріс», «Кирпичный», «Казгородок» тұрғын алаптары да бар.

Жұмыс тұрғындардың тілектерін ескере отырып жүргізілуде. «Бюджетке қатысу» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осылайша қала тұрғындары қай аумақты абаттандыру керегін өздері анықтайды. Мысалы, Сарыарқа ауданында 40 ауланың 13-і «Бюджетке қатысу» бағдарламасы бойынша абаттандырылып жатыр. Алматы ауданының аумағында 33 аула абаттандырылады.

Биыл Есіл ауданында балаларға арналған 20 аула салынып, бес қоғамдық орын абаттандырылады. Жаңа алаңқайлар барлық заманауи стандарттарға сай салынған. Көгалдандыруға қолданылатын материалдар сертификатталған, резеңке жабындылар, шағын архитектуралық формалар мен спорт алаңдарында жаттығу кешендері орнатылған. Сонымен қатар футбол, волейбол және баскетбол алаңдары салынуда.








**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ АЛТАЙ КӨЛГІНОВ ЕЛОРДАНЫҢ КАРАНТИН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АХУАЛЫ БОЙЫНША ОНЛАЙН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ. ҚАЛА ТІРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР БЕРІП, ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН СҰРАҚТАРҒА ДА ЖАУАП БЕРДІ.**

## ДӘРІ-ДӘРМЕК САУДАСЫН МОБИЛЬДІ ТОП ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Дәріханалар бағаны шектен тыс көтергені белгілі болса, 109 нөміріне шағымдануға болады.

– Дәрі-дәрмек бойынша көптеген шағым түсуде. Бұл ретте Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мобильді топ құрдық. Елордалық құқық қорғау органдары, полицейлер мен прокуратура және басқа да мемлекеттік органдар дәрі-дәрметті алып-сату жағдайын болдырмау мақсатында жұмыс жүргізіп жатыр. Сонымен қатар егер дәріханаларда шектен тыс бағаны көтеру сияқты жағдайды байқаған болса, тұрғындарға iKomek 109 арқылы да хабарласуға болады. 109 нөміріне келіп түскен ақпарат бойынша мобильдік тексеріс жүргізеді. Бұл жөнінде тіркелген деректер де бар. Бұған дейін дәріханалардан дәрілерді өте көп мөлшерде сатып алып кеткендер болған. Енді мұндайға жол бермес үшін дәріханалармен бір адамға дәріні шектеулі мөлшерде ғана сату жөнінде келістік, – деді елорда әкімі.

## ЗАҢСЫЗ ДӘРІ-ДӘРМЕК САТҚАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

Дәрі-дәрмекті заңсыз сату бойынша 8 адам ұсталып, 1 адам жауапкершілікке тартылды.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша дәріханалардағы бағаны бақылайтын елордада 4 мобильді топ құрылып, жұмыс жүргізіп жатыр. Екі күн ішінде 15 дерек тіркелген. 8 азаматтың заңсыз дәрі сатумен айналысқаны анықталған. Оның бірі жауапкершілікке тартылды. Қалғандарының ісі бойынша жұмыс жүргізілуде. Жалпы, дәрі-дәрмектер тек заңды дистрибьюторлар арқылы ғана саудаланdue тиіс. Яғни алыпсатарлардың көлеңкелі кәсіппен айналысуына жол берілмейді. Сонымен қатар дәріханаларда да бір адамға шектеулі мөлшерде ғана дәрі сатылады. Өйткені бір адамдар ауырмаса да, дәріні сақтану үшін алдын ала алып қоюы мүмкін. Ал енді бір адамдар шын мұқтаж болып, қажетті дәрі таба алмауы мүмкін. Сондықтан бұл жағдай қатаң бақылауда болады, – деді шаһар басшысы Алтай Көлгінов.

## ДӘРІГЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУҒА 4 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

– Тұтастай алғанда, коронавируспен күрес бойынша орталық мемлекеттік органдармен, денсаулық сақтау және жергілікті атқарушы органдармен бірге мемлекет ауқымды, жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Дәрігерлерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша, жалақы мен үстемеақы туралы айтпағанда, жергілікті бюджеттен шамамен 4 млрд теңге бөлінді. Осыған дейін айтып өткенімдей, сыйақы мен төлемдер бойынша бөлінген қаржы 3 млрд теңгеден асады, – деді Алтай Көлгінов.

## ДИПЛОМ АЛҒАН ТҮЛЕКТЕР ДӘРІГЕРЛЕРГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Елорда әкімі онлайн брифингте медициналық мамандықты тәмамдаған биылғы түлектердің жұмысқа жұмылдырылып жатқанын айтты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, медициналық мамандарды ынталандыруды жалғастырудамыз. Карантин басталғаннан бері мамандарға жалақыдан бөлек, 3 миллиард теңге сыйақы жәрдемақы ретінде берілді. Бұл жұмыс әлі де жалғасуда. Бұған дейін медицина қызметкерлеріне қонақүйлерден орын берсек, бұл жолғы эпидемиологиялық жағдайға байланысты санитарлық дәрігерлердің нұсқаулығы бойынша мамандардың барлығын бір жерге топтастыру қауіпті деп танылғандықтан, бұл тәжірибені уақытша тоқтаттық. Бірақ дәрігерлерге тиісті көмек беріліп, карантин кезінде қоғамдық көлік қызмет көрсетуде. Қазіргі уақытта 3,5 мың дәрігер мен 8 мыңға жуық медбике қызмет атқаруда. Әрине, қала халқының саны 1,2 миллион болғандықтан, дәрігерлерге үлкен салмақ түсіп жатыр. Сондықтан медициналық оқыту ұйымдарымен және Денсаулық сақтау министрлігімен бірге жоспар бекіттік. Сол жоспарға сәйкес, медициналық колледжді биыл бітірген түлектер арнайы медициналық оқыту ұйымдарынан дайындықтан өтіп, дәрігерлерге көмектесуді бастап кетті. Сонымен қатар 15 шілдеден бастап медициналық академия түлектерін жұмысқа жұмылдыратын боламыз, – деді Алтай Көлгінов.

## КОРОНАВИРУСТАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАРҒА АРНАЙЫ ЗИРАТ ҚАЖЕТ ЕМЕС

Қала басшысы коронавирус инфекциясынан қайтыс болғандарды жерлеу мәселесін түсіндіріп берді.

– Денсаулық сақтау министрлігінің, еліміздің бас санитарлық дәрігерінің шешіміне сәйкес коронавирус инфекциясынан қайтыс болғандарға арнайы зират қажет емес. Жерлеу кезінде санитарлық нормалар толықтай сақталуы керек. Бұған қоса, арнайы санитарлық жұмыстары бар. Өзгелермен қатар жерленеді, – деді елорда әкімі.

## КАРАНТИН ҰЗАРТЫЛУЫ МҮМКІН БЕ?

– Әрине, ол тек сіз бен бізге байланысты. Егер санитарлық талапты қатаң сақтасақ, карантин уақыты ұзартылмайды. Ол бізге де қажет емес. Бизнеске де тиімсіз. Себебі өткен жолғы карантин кезінде барлық жұмыс тоқтағандықтан, мемлекетке едәуір шығын келді. Қала бюджеті 60 миллиард теңгеден қағылды. Бизнесмендер тарапынан салық та уақытша тоқтатылғандықтан, қазынаға түсетін қаржы азайды. Жалпы, карантин барлық салаға тиімсіз. Бірақ эпидахуалды жақсарту үшін бұл шара қажет. Өткен жолғы карантин кезінде жұртшылық санитарлық талапты қатаң сақтағанның арқасында жағдай жақсара бастаған. Алайда 11 мамырдан бастап төтенше жағдай режимі алынып, карантин нормаларына жеңілдік енгізілгеннен кейін азаматтардың басым көпшілігі бұрынғыдай сақтануды ұмытып кетті. Сондықтан инфекция жұқтырғандар қатары күрт өсіп, осы жолғы карантинді енгізуге мәжбүр болып отырмыз. Дегенмен бұл жолы ашық базарлар мен мейрамханалардың ашық аспан астындағы қызмет көрсететін тамақтану орталықтарына рұқсат берілді. Өйткені үлкен қала болғандықтан, оған сұраныс бар. Сол сияқты көшеде 3 адамға дейін жүруге болады. Тек медициналық бетперде тағып жүруге міндетті. Жалпы, жұртшылықты санитарлық талапты сақтауға шақырамыз. Егер эпидахуал тұрақталса, карантин уақыты әрі қарай созылмайды, – деді Алтай Көлгінов.




## АВТОБУСТАР ӘЗІРГЕ ЖҮРМЕЙДІ

Қоғамдық көлік қозғалысы мен балабақшалардағы кезекші топтардың және моншалардың жұмысы туралы сұраққа былайша жауап берді:

– Қоғамдық көліктер инфекция жұқтыру қаупі жоғары орта болғандықтан, карантин кезінде уақытша тоқтатылды. Естеріңізде болса, бұдан бұрын жүргізушінің вирус жұқтырып, автопарктардың мамандары және жолаушылар арасында да дертке шалдыққандар анықталған болатын. Жалпы, еліміздегі төтенше жағдай енгізілгенге дейін елорданың қоғамдық көліктерінде күнделікті 700 мың жолаушы жүретін. ТЖ режимі аяқталғаннан кейін автобустар біртіндеп іске қосылып, қоғамдық көлік қозғалысының уақыты да тиісінше ұзартылып отырды. Алайда біз азаматтардың денсаулығы, қауіпсіздігі үшін қоғамдық көлікті тағы да уақытша тоқтата тұруды жөн көрдік. Оның қашан қайта іске қосылатыны әзірге белгісіз. Эпидахуалға байланысты болады, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ қала басшысы қоғамдық моншалардың карантин кезінде жабылатынын айтты.

– Балабақшалар да – вирус таралуы мүмкін орталардың бірі. Сондықтан тәрбиешілер мен балалардың қауіпсіздігі үшін балабақшалардың да жұмысы уақытша тоқтатылды. Бұл ретте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге уақытша жұмысынан босаған мамандардың жағдайын қарастырдық. Жұмыс берушілерге мамандарын ең төменгі жалақымен қамтамасыз етуді қарастыруын сұрадық. Сонымен қатар жұмыс берушілер мекеменің жұмысы уақытша тоқтаған уақытта мамандарын ақылы еңбек демалысына жіберу сияқты нұсқаларды қолданатын болады, – деді А.Көлгінов.

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ЖҰМЫСЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

– Жедел жәрдем жұмысына жүктеме артты. Соған орай бригадалардың саны да көбейтілді. Бұрын 110 бригада болса, 50-ге жуық бригада қосылды. Сонымен қатар 103 нөміріне қоңырау шалушылар мен жедел жәрдем шақырушылар саны еселеп өсті. Мысалы, бұрын күнделікті тәулігіне 2-2,5 мың қоңырау түссе, қазір 4300-ге дейін артты. Осыған байланысты жедел медициналық жәрдем станциясы жанынан іс-әрекет орталығы ашылып, қосымша нөмір белгіленді. «Damumed» мобильді қосымшасы бар. Осы арқылы азаматтарға телемедицина арқылы дәрігерлер бейнежазбамен кеңес береді. Жалпы, осы жұмыстардың нәтижесінде қазіргі уақытта жедел жәрдем жұмысының жүктемесі біраз жеңілдетілді. Тұрғындар да жағдайға түсіністікпен қарап, қосымша қарастырылған ресурстарды пайдалануда. 31 ұйым азаматтарға бейнежазба арқылы кеңес беретін болды. Оның 19-ы бүгінде іске қосылды. Сол сияқты телеграм бот арқылы да кеңес беріледі. Бұл медициналық қызметкерлердің көмекші құралына айналды, – деді елорда әкімі.



## КҮН САЙЫН 2500-5000 ТЕСТ ТАПСЫРЫЛАДЫ

Жиын барысында Алтай Көлгінов коронавирус инфекциясын анықтайтын тестті соңғы уақытта қанша адам тапсырғаны туралы сауалға жауап берді.

– Бәрі тест тапсыруға түсетін өтінішке байланысты. Коронавирустың өршіп тұрған шағында 4900-5000-ға тарта тест тапсырылды. Қазір күніне 2500-ден басталып, 4500-5000-ға дейін жетеді. Соңғы 2-3 күнде жүктеме азайды. Бірақ бұған қарамастан лаборатория санын арттырып, дәрігерлерімізді үйретіп жатырмыз. Біз бұдан да көп жағдайға дайын болуымыз керек, – дейді А.Көлгінов.

Әкім карантин басындағы және қазіргі лаборатория саны туралы мәлімет келтіріп өтті.

– Біз қосымша лабораториялар сатып алдық. Карантин басында бір ғана лабораториямен жұмыс істеген болсақ, қазір олардың саны 8-ге жетті. Әрі қарай да арттыра береміз. Бізге мемлекеттен бөлек, меценаттар, Б.Өтемұратұлы қоры көмектесті. Сол сияқты «Самұрық-Қазына» қосымша лаборатория сатып алуға жәрдем беріп жатыр. Карантин басында 300 тест қабылдаған болатынбыз. Ол кезде көршілес өңірлердің көмегіне жүгінгенбіз. Себебі жүктеме көп болатын. Қазір тәулігіне 5000 тест қабылдап жатырмыз. Бұл көрсеткішті әрі қарай да арттыра береміз, – деді әкім.

Айта кетейік, шаһар әкімі осыған дейін коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарға арналған 1000-нан астам аппаратқа тапсырыс берілгенін хабарлаған болатын.

## АДАМДАР ЕМДЕЛІП ШЫҒЫП ЖАТЫР

– Ресми мәліметтерге сәйкес, 5894 адамнан COVID-19 инфекциясы анықталған болса, оның 1224-інде пневмония табылды. Күніне 250-300 адам инфекция жұқтыратын болса, осынша адам сол күні емделіп шығады. Бұл – біздің дәрігерлеріміздің үлкен жұмысы, – деді әкім.

Айта кетейік, Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова пневмониямен ауырғандар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2 пайызға артқанын мәлім еткен болатын.

## НАУҚАСТАРҒА ҚАЖЕТ 1000-нан АСА АППАРАТ САТЫП АЛЫНАДЫ

– Біз қосымша медициналық құрал-жабдықтар аламыз. Қазір 200 ИВЛ аппаратына, 500 флоуметр (оттегі концентратына арналған), 500 оттегі концентратына тапсырыс бердік. Сол сияқты 2 компьютерлік томографияға да тапсырыс жіберілді. Компьютерлік томографияға түсетін жүктемені тепе-тең бөлу үшін астанадағы барлық республикалық және жекеменшік клиникаларды жұмылдырдық, – деді қала басшысы.

Пневмонияны бастапқы кезеңінде анықтау үшін айтылған клиникалардың бәрі үздіксіз жұмыс істеп тұрады. Айта кетейік, Алтай Көлгінов осыған дейін 13 стационар ашылып, онда 3700-ден астам орын қарастырылғанын мәлімдеген.

Райхан
**РАХМЕТОВА**



# ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ҚАРСЫ ЕКПІНДІ ТЫНЫС

**Әуел баста коронавирустың екінші толқыны күз мезгілінде тұмаудың жылдағы маусымымен бірге келуі мүмкін деген тұжырым бар еді. Шындығында, Қазақстан ол кезеңді қазір-ақ бастан кешіп жатқан сияқты. Әлде бұл сол біріншi толқынның ушығып кеткен жалғасы да болуы мүмкін. Оның бағасын білікті медицина сарапшылары бере жатар. Мұндағы мәселе оны толқын санауда емес, табанды күресте болып тұр. Екінші толқынды қоя тұрып, соңғы аптадағы ахуалға қарап отырып індетпен мемлекет тарапынан күрестің екінші тынысы ашылды деуге болады.**

Екі айлық қатаң карантиннен кейін тәжтажал тұқымымен жоғалғандай көрініп, әбден еркінсіп, бағы күндердей қамсыз, сақтанусыз тірлікке көшкеніміз рас. Соның салдарынан елдегі коронавирусқа қатысты эпидемиологиялық ахуал ушыға түсті. Өлім-жітім көбейіп, ауруына ем іздеген халықтың дүрбеленінен індеттің күш алып кетуіне сәл-ақ қалғандай болды. Симптомсыз науқастарды қайтадан клиникалық белгісі барлармен қоса қойып едік, статистика дереу өзгеріп, Қазақстан коронавирустан әлемде басты орындардың біріне бір-ақ шықты. Бүгінде елдегі індеттің таралу көрсеткіші жұқтырған 50 мыңнан астам адамды құрады.

Осы тұста жаңадан келген Денсаулық сақтау министрінің де іске құлшыныспен кірісуінен оң нәтиже болса, алда көре жатармыз. Дегенмен жаңа министр барынша абыройын төгіп алмай жұмыс істеуге тырысып жатыр. Мақтайтындай ештеңе жоқ болса да құлшынысы бар. Кешегі брифингте ол медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға уәде берді. Себебі қазір барлық жүк пен жауапкершілік дәрігерлер қауымына түсіп жатқаны аздай, кей өңірлерде медицина ұйымдары басшылары тарапынан оларға әділетсіздіктер де жасалуда екен. Сондықтан заң аясында әділетті шешімдердің қабылдануына министрлік мүдделі болатынын жеткізді. Сонымен қатар 7 шілдеде Мемлекет басшысы «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» туралы ҚР кодексіне қол қойып, денсаулық сақтау саласындағы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуі де көпті көңілге медеу болды.

Сәуле ҚИСЫҚОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

– Бүгінгі таңға дейін елордада барлығы 6057 адам коронавирус жұқтырды. 3302 науқас жазылып шықты. Өкінішке қарай, 63 адам ауруды жеңе алмай қайтыс болды. Ресми ақпаратқа сәйкес, маусым айында өкпесі қабынған адамдар саны өткен жылғы маусыммен салыстырғанда 2,2 есеге артты. Яғни 1700 пневмония жағдайы тіркелді. Күн сайын шамамен 200 адам ауруханаға түседі, соңғы күндері бұл цифр 300-ге де жетті. Сонымен бірге, амбулаториялық кезеңде науқастар үйде ем-дом алып жатыр.

### ТАБИҒИ ЕМ ДЕРТТІ ЖЕҢУДЕ СЕП

Әрине, инфекцияның өзі анықталса, оның емі дәрігердің нұсқаулығымен ғана жүзеге асырылады. Дегенмен тұмау секілді бастапқы жеңіл-желпі түрлерін жеңуде халық арасында кең тараған табиғи ем-домдардың да оң әсері бар екенін ауыып тұрған әлеуметтік желі қолданушылары кеңінен жазып жатыр. Тек пневмонияның бастапқы белгілерінде ғана үй жағдайында қолдануға болатын, ең көп кездескен кеңестерді тізбектедік.

Илхам ИБРАГИМ:

*– Күнде ас содасымен тамақты шаю. Зімбір, бал, апельсин қосылған шай көп ішу. Сорпа, қымыз ішіп, С витаминін, цинк қабылдадық. Ас содасы тамаққа жақсы көмектесті. Судың орнына «Ессентуки» іштік.*

Санжан ЖАНБОЗОВА:

*– Ауыз бен мұрынды тұзды сумен қайта-қайта шая беру керек. Жата бермеген жөн. Ыстық сорпа, ыстық шай іше беру қажет. Ауызың дәм сезбесе, тәбетің болмаса да жемістерден жеу керек арасында. Сосын жеңіл жаттығулар жасай беріңіз. Қысқасы, жатып қалмау маңызды, өзіңді-өзің «оятып», қызу болса да қорықпаған жөн.*

Әселім ӘБІЛДИНОВА:

*– Вирусқа қарсы дәрі, С витамині, магний В6, цинк, Д3, борсықтың майын аш қарынға жарты шай қасық ішіп, жарты сағаттан соң ғана тамақ ішесің. Температура болса ғана парацетамол іш. Шар үрле, жеңіл тыныс алу жаттығуын істе, зімбір, лимон, бал қосып ыстық шай іше бер, күнде сорпа іш, қой еті болса да жақсы, компот, морс, жылы су жиі іш.*

Самал ЖАЛЫМБЕТОВА:

*– Температура жоғары болмаса, антибиотик алмаған жөн. Ыстық шай, лимон, жалбыз, зімбірмен шай, майлы сорпа ішкен дұрыс. Қышқыл жемістер, қышқыл көкөніс, помидор көп жеу керек. С витамині керек. Жаңғақтар, дәндер жеу керек цинк үшін, зәйтүн майы жөтелге жақсы, аш қарынға бір қасық ішу.*

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ПӘРМЕНІ БАСЫМ

Коронавируспен күресте де әлеуметтік желінің пәрмені өз басымдығын көрсетті. Өйткені халық ақпарат құралдарынан гөрі әлеуметтік желіге көбірек сенетіні бұған дейін де айтылып жүрсе, соған қазір көз жеткізе түстік. Ақпарат құралдары шама келгенше барлық ахуалдың тігісін жатқызып айтса, әлеуметтік желіде қалай бар, сол күйінде көресің. Әлеуметтік желіде адамдар бір-біріне кеңес беріп, аурудан жазылып тұрғандары өз тәжірибесімен кеңінен бөлісуде. Бір-бірін жұбатып, бір-біріне жігер бере бастады. Қателіктерін қайталамауға шақырды. Осы тұстан келгенде әлеуметтік желі коронавируспен күресте жақсы бір пәрменді құралға айналды. Мұны енді мемлекет те пайдалана бастады. Оны дәрігерлер де жеке адамдардан көріп қолдануда деуге келмес, бірақ медицина мамандарының өздері де онлайн-консультация беруге көшті. Telegram-да каналдарын, WhatsApp-та чаттарын ашты. Бұрын әлеуметтік парақшаларын тек ақпарат тарату, баспасөз мәліметтерін шығарып, ресми мақсатта пайдаланып келген болса, қазіргі онлайн консультация секілді кәсіби сипатта пайдалана бастады. Оның жемісі де жоқ емес. Сенделген халық, сансыраған жұрт өз сұрақтарына жауап алуда. Бұл ретте өз емімен бөліскен жеке адамдардың сөзінен гөрі кәдімгі кәсіби мамандар кеңесіне құлақ түру керектігі де айтылуда.

Алексей ЦОЙ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі:

– Қазір әлеуметтік желілерде әлемнің түкпір-түкпірінен шыққан беймәлім профессорлар мен отандық дәрігерлердің түрлі рецепті мен кеңесі көбейіп кетті. Олар белгілі бір препараттардың да атын атап жүр. Осы ретте аса мұқият болыңыздар. Елімізде халықаралық сарапшылар мен қазақстандық мамандардың шешімімен бекітілген клиникалық хаттамасы бар. Коронавирустың ауыр белгілері болмаса, дене қызуыңыз көтерілмесе, КТ өкпедегі сырқаттың 20 пайыздан аспағанын көрсетсе, бірден 5-6 антибиотик ішудің қажеті жоқ. Препарат симптоматикалық жағдайда қолданылады, өйткені әрбір дәрінің кері әсерін де ескеру керек.

Соңғы екі аптадағы халықтың өң мен түстей аурумен жаппай арпалыспен өткен күндері мен түндері, соның аяғы осы аптада дәл осы вирустан болмаса да, пневмония салдарынан өлім-жітімнің көбеюі елдің есін жиғызып, жұрт етекженін енді жия бастады. Дәріханадан дәрі, емханадан орын таппай сандалған халық өз бетінше емделе отырып, індетке қарсы күресте тек мемлекетке иек артып отыруға болмайтынын түсінді. Қоғам бір бағытта жұмыла бастады. Себебі бұл – қалай болғанда да бәрінің басына түскен ортақ індет, қауіпсіздік – ортақ. Сондықтан мемлекетті жамандағандардың да дұрыс жері бар, ішінде асыра жамандап жатқандар да кездеседі. Бірақ мемлекет те кемшіліктерге бой алдырғанмен, хал-қадерінше жасап жатыр.

# «ҮЙДЕГІ ДӘРІГЕР» КӨПШІЛІККЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Жақында № 9 қалалық емхана тарапынан осы жоба аясында Ә.Бөкейхан көшесі, 21А үйінде ашылған «Аманат» отбасылық денсаулық орталығы сол жағалаудағы аудан тұрғындарына қолжетімді жерден білікті медициналық көмек көрсетуде. Орталықта жұқпалы ауруларымен ауыратын науқастарды қабылдауға арналған сүзгі кабинеті, жалпы тәжірибе дәрігерлерінің, акушер-гинекологтың қабылдау кабинеттері, қарап-тексеру және скрининг кабинеттері, дәріхана, егу және емшара кабинеттері, сондай-ақ күндізгі стационар қарастырылған. Қазіргі уақытта орталықтың қызмет көрсету аумағы 10 шақырымнан асады. Әсіресе, Ә.Бөкейхан, Ұлы Дала көшелерінің ауданында халық тығыз қоныстанған, ол жерде көптеген жаңа тұрғын үй кешендері салынуда. Тіркелген ересектер мен балаларға медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында көрсетіледі.

Жалпы, 2023 жылға дейін қалада 51 дәрігерлік амбулатория ашу көзделген. Бұл, біріншіден, учаскелік және отбасылық дәрігерлерге қолжетімділікті арттырады. Науқастар тұрғылықты жеріне барынша жақын жердегі дәрігерлік амбулаторияға жетіп, онда базалық медициналық көмек алуы тиіс. Екіншіден, емханалардағы кезектер азаяды, үшіншіден, осы жобаға барлығы қатыса алады, соның ішінде жекеменшік медициналық орталықтар да бар.

Айсұлу ЧУКАЕВА,
«Аманат» отбасылық денсаулық орталығының меңгерушісі:

– Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге ЭКГ, пикфлоуметрия, пульсоксиметрия, УДЗ (іш қуысы органдары, кіші жамбас, ішперде сыртындағы кеңістік) сияқты диагностикалық қызметтер қолжетімді болады. Орталықта Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балалар мен ересек тұрғындарға екпе жасалады. Дені сау баланың жарық және жайлы кабинеті біздің кішкентай пациенттеріміздің өсуі мен дамуын динамикалық бақылауға арналған. Емшара кабинетінде тәжірибелі мейіргерлер зертханалық зерттеулер үшін биоматериалдарды алады. Орталық тіркелген 17 мың пациентке, оның ішінде 4800 балаға медициналық көмек көрсетуге дайын. Бас санитар дәрігерінің қаулысы бойынша орталықта мобильдік бригада қызметі ұйымдастырылған. Оған 4 санаттағы үйге шақырылатын жедел жәрдемнің қызметі кіреді және орталық амбулаторлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді.

# КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНДА МҮГЕДЕКТЕРДІҢ МҰҚТАЖДЫҒЫ ЕСКЕРІЛГЕН БЕ?

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр күзде халыққа арнаған Жолдауында «мемлекеттің ерекше қажеттілігі бар адамдарға көпшілікпен бірдей жағдай жасауға міндетті» екенін бөле-жара атап көрсетті. Яғни, қоғамдық өмірде де, кәсіби қызметте де мүгедек жандар жайсыздық сезінбеуі, кедергілерге тап болмауы тиіс.**





Осыған орай, ерекше қажеттілігі бар адамдардың (ЕҚА) өмірін жақсарту мақсатында Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция нормаларын жүзеге асыру барысында 24 заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Оның ішіне әлеуметтік және көлік инфрақұрылымдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету, әлеуметтік салада көрсетілетін қызметтерді жетілдіру сияқты аса маңызды талаптар да кіреді. Осыған сәйкес жергілікті әкімдіктер атқаратын өңірлік жоспарлар жасақталу үстінде. Мұнда ЕҚА үшін қолайлы болып салынуы тиіс нақты ғимараттар мен нысандардың тізімі бекітіледі.

Дұрысында, қоғамдық өмірде маңызды барлық нысандар мен қызметтер ерекше қажеттілігі бар жандардың мұқтаждықтарына сай болуы керек екені даусыз. Дегенмен, іс жүзінде оның бәрі бұл талаптарға сәйкес келмейді.









Бұл мақалада біз теміржол және автобус вокзалдары туралы сөз қозғайтын боламыз.

Нұр-Сұлтан қаласындағы көлік инфрақұрылымын айтпас бұрын біз, ең алдымен, жалпы республикадағы жағдайға аз-кем тоқталайық. 2019 жылғы ақпар бойынша, Қазақстанда 247 теміржол вокзалы бар. Олардың 91-і (37%) ғана ұлттық стандартқа сай, яғни ЕҚА мұқтаждықтарын ескеріп жасақталған. Оның ішінде тек 34-нде вокзалда арнайы жабдықталған әжетхана, 38-нде көзі нашар көретіндер үшін баспалдақтың жоғарғы және төменгі сатысы сары түспен боялған, 58-нде күту залында мүгедектерге арналған орындар бар. Дегенмен, көпшілік вокзалдардың сыртқы кіреберісінде пандус салынған.

Республиканың 36 автовокзалының 27-сі(75%),105 автостанцияның 67-сі(63,8%) ұлттық стандартқа сай.

## «САПАРЖАЙ» ЖШС АВТОВОКЗАЛЫ

Енді Нұр-Сұлтан қаласына ауысайық. Астанадағы «Сапаржай» ЖШС автовокзалы 1989 жылы пайдалануға беріліп, 10 жылдан кейін күрделі жөндеуден өтті. Күрделі жөндеу жасалғанымен ғимарат пен оның маңайындағы инфрақұрылым ерекше қажеттілігі бар жандардың мұқтаждықтарына сай жасақталған жоқ. Автобус платформасы, оған апаратын өтпе ЕҚА мұқтаждығын ескеріп жабдықталмады. Көзі нашар көретін жолаушылар үшін тактильдік(жанасу арқылы сезу) – жоқ. Дегенмен, перронда ескерту сигналы беріледі, негізгі күту залында ЕҚА арналған орындар бар. Сыртқы пандус стандартқа сай емес.

Кәсіпорынның персоналы ситуациялық жағдайда көмек көрсетуге машықтанбаған. Мұндай міндет қосалқы мердігер күзет компаниясының қызметкерлеріне жүктелген. Сөйте тұра, олар да арнайы тренингтерден өтпеген, стандарттағы қызметтер туралы білмейді.

Көзі нашар көретіндер мен нашар еститіндердің вокзалда ақпарат алу мүмкіндігі қарастырылмаған. Персоналды шақырту түймешегі бар, бірақ одан дыбыстық сигнал шықпайды. Қорыта келгенде, вокзал ЕҚА үшін ұлттық стандартқа сай толық жасақталмаған.

> **2019 жылғы ақпар бойынша, Қазақстанда 247 теміржол вокзалы бар. Олардың 91-і (37%) ғана ұлттық стандартқа сай, яғни ЕҚА мұқтаждықтарын ескеріп жасақталған. Оның ішінде тек 34-нде вокзалда арнайы жабдықталған әжетхана, 38-нде көзі нашар көретіндер үшін баспалдақтың жоғарғы және төменгі сатысы сары түспен боялған, 58-нде күту залында мүгедектерге арналған орындар бар. Дегенмен, көпшілік вокзалдардың сыртқы кіреберісінде пандус салынған. Республиканың 36 автовокзалының 27-сі(75%),105 автостанцияның 67-сі(63,8%) ұлттық стандартқа сай**

## «НҰР-СҰЛТАН-1» ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ

Пайдалануға 1990 жылы берілген. 2004 жылы күрделі жөндеуден өткен. 2010 жылы ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін қайта жасақталған. Дегенмен, мұнда да платформа, өтпе ЕҚА мұқтаждығын ескеріп салынбаған. Перронда ескерту сигналы беріледі, бірақ нашар көретін жолаушылар үшін тактильдік жоқ.

Билет кассасы қол жетпейтін жоғарыда орналасқан, ана мен бала бөлмесінің кіреберіс табалдырығы тірек-қозғалыс аппараты қызметі бұзылған жандарға бейімделмеген. Ішкі және сыртқы пандустың еңіс биіктігі бойынша стандартқа сай келмейді, сырғымайтын төсем салынбаған, пандустың борты жоқ.

Кәсіпорын персоналының ситуациялық жағдайда көмек көрсету машығы қалыптасқан. Дегенмен, бағдарламаларды және графикті оқыту инструкторлары, есептік ведомство жоқ. Мұнда да нашар көретіндер мен нашар еститіндер үшін ақпарат алу мүмкіндігі қарастырылмаған.

Вокзалда персоналды шақырту түймешегі орнатылған. Мамандардың пікірінше ғимарат ЕҚА үшін ұлттық стандартқа сай толық жасақталмаған.

## «НҰРЛЫ ЖОЛ» ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ

Вокзал ЭКСПО -2017 халықаралық көрмесінің қарсаңында пайдалануға берілді. Ғимарат ерекше қажеттілігі бар адамдардың мұқтаждығын ескере отырып, ұлттық стандартқа сай толықтай жасақталған.

Атап айта кетерлігі, елордада ерекше қажеттілігі бар адамдардың көлік инфрақұрылымы нысандарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Нұрлан Солтанбеков, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина жауапты.

**ТҮЙІН.** Қазақстан ел Конституциясында өзін әлеуметтік мемлекет деп атап көрсетті. Оның мәні – қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларында азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделерінің кешенді түрде қамтамасыз етілуі мен қорғалуында. Бұл шарт ерекше қажеттілігі бар адамдарға деген мемлекет қамқорлығынан да көрініс табуы тиіс.

Бетті дайындаған Дәулет **АСАУОВ**

**Нұр –Сұлтан қаласында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін мобильді қосымшаны әзірлеуге арналған жастар хакатоны басталды.**

## МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

2020 жылдың 30 маусымында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін мобильді қосымшаны әзірлеуге арналған «SOCIALHACK» хакатонына қатысуға өтініштер қабылдана бастады. Әлеуметтік жобаның мақсаты – мұқтаж жандардың жүріп-тұруының ыңғайлы болуы және орнатылған пандустардың, жабдықталған дәретханалардың, баспалдақтардың, лифтілердің және т.б. сапасы туралы толық ақпарат беретін мобильді қосымшаны жасау.

Елордада нысандардың қол жетімділігі мен инклюзивтілігі проблемасы өте көкейтесті күйде тұр. Яндекс картасы немесе 2 ГИС сияқты қосымшаларда нысандардың орналасуын және олардың жиілігі мен пайдалану қарапайымдылығы, олар туралы ақпараттың жоқтығы ескерілген. Осыған байланысты, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инфрақұрылым нысандары туралы мәліметтерді жинайтын қосымшаның демо-нұсқасын әзірлеу хакатоны ұйымдастырылуда.

Мобильдік қосымша пайдаланушыларға денсаулығына байланысты шектеулерді (тірек-қимыл аппараты, есту, көру және арбаларындағы қозғалысты) ескере отырып, тұрғылықты жері бойынша және жиі баратын объектілер инфрақұрылымын бағалауға, сонымен қатар олардың байланыс мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мұндай мобильді қосымша, сондай-ақ, уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ерекше қажеттілігі бар адамдардың нақты тұратын жері, жиі баратын объектілер туралы тиісті шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Нақтылап атап өтейік, жобаны «Astana Hub» халықаралық орталығы мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен NURIS (Назарбаев Университеті) ұйымдастырды, ал EY (Эрнст энд Янг Қазақстан) компаниясы бастамашылық етті. Жобаның демеушілері – BTS Digital, suraqtar.kz және EY компаниялары.

«SOCIALHACK» Жастар Хакатонына 16-22 аралығындағы барлық адамдар, оның ішінде жас әзірлеушілер, дизайнерлер, талдаушылар, Қазақстан жоғары оқу орындарының IT кафедраларының студенттері қатыса алады. Байқаудың қорытындысы 2020 жылдың 16-18 шілде аралығында 48 сағаттық онлайн марафон форматында өткізіледі. Қатысушылар 48 сағат ішінде мобильді қосымшалар үшін интерфейс тұжырымдамасын әзірлеуі керек. «Socialhack» хакатонының жүлде қоры 550 000 теңге! Оның нәтижесі 2020 жылғы 19 шілдеде NURIS және Хакатонның басқа ұйымдастырушыларының сайтында жарияланады.

# БИЗНЕСКЕ ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ ЖАСАЛАДЫ?



**Елордада тіркелген 130 мың шағын және орта бизнес субъектілерінде 380 мың адам еңбек етеді. Бұл сала өңірлік ішкі жалпы өнім кірісінің 55% үлесін құрады. Ол республика бойынша ең үздік көрсеткіш. Карантин режимі жарияланғаннан кейін кәсіпкерліктің басым бөлігінің жұмысы тоқтап қалды. Шектеуге байланысты олардың көпшілігі қызметтерін әлі күнге дейін қайта жалғастыра алмай отыр. Осыған орай, жеке бизнестің қазіргі жағдайы қалай, бұдан кейін қалай болады, тығырықтан шығатын жол қайсы деген сауалдарға жауап іздеген едік.**

Дәулет **АСАУОВ**







Жұмысын тоқтатқан кәсіпкерлік нысандарының дені сервистік қызмет көрсеткен. Одан былай, қала экономикасын өркендетуге құрылыс секторының үлесі үлкен болды, мұнда 100 мыңнан аса адам еңбек етеді. Оған қоса құрылыстың мультипликативтік әсері зор, ол жанама түрде біршама салалардың дамуына ықпал етті. Мәселен, құрылыс материалдарын өндіру, көлік қызметі және басқа да қосалқы салалар. Өнеркәсіптің өңірлік ішкі жалпы өнім құрылымындағы үлесі 6%-дан аспайды.

– Құрылыстың қарқынды жүргізілуі, қала аумағының үздіксіз кеңейтіліп келе жатқанына байланысты инженерлік коммуникацияны тарту өте өзекті мәселеге айналды. Көптеген нысандарда инженерлік тораптар жоқ, ол кәсіпорындарды пайдалануға беруге кедергі келтірді. Сол үшін қосымша шығындар шығаруға тура келеді. Астанада Doing Business бойынша бизнесті жүргізу көрсеткішін жетілдіру қажет. Ол техникалық шарттарды алу, құрылыс салу жағдайында көрініс табуы керек. Осы бағытта қала әкімдігі тарапынан құрылған iQala қызмет орталығында «Бизнеске арналған үкімет» қанатқақты жобасын дамыту қажет, – деді кәсіпкерлер палатасының басшысы Алмат Жүнісов.

Жеке кәсібін ашқан бизнесмендер қажетті барлық рұқсат құжаттарын, келісімдерді, құрылыс салу, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, мемлекеттік қолдау, т.б мәселелер бойынша тиісті құжаттардың бәрін бір көзден алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Ол дүкен аша ма, қоғамдық тамақтану орнын аша ма, өндірістік кәсіпорын аша ма – бәріне ортақ шарт болуы керек. Қазіргі кезде кәсіпкерлер әлі күнге дейін барлық ақпарларын қағаз тасығышпен тасып жүр.

Дегенмен, iQalaда коммунальдық қызметтер процесі цифрландырылған. Бұл бизнеске қолайлы. Аталған шара астананың инвестициялық климатын жеңілдете түсетіні сөзсіз.

Айта кету керек, елорда билігі мен бизнес қауымдастығы арасында тиімді диалог орнатылған. Әкімдік көше саудасы нысандарын орналастыру бойынша қолайлы жағдай жасаған. Былтырдан бастап бұл жоба әлеуметтік осал топтарға арналған квотамен толықтырылған. Оның ішінде азық-түлік белдеуін қалыптастыру қарастырылған. Сол арқылы астанада азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қол жеткізілді.

2019 жылдан бастап отандық мектеп формасын тігушілер жалпыға бірдей білім беру бағдарламасына қатысатын болды. Олардың дүкендерінде аз қамтылған отбасылар үшін арнайы сертификат бойынша жеңілдікпен мектеп киімдерін сатып алуға болады.

Дегенмен, әкімдік назарына алатын мәселелер де жоқ емес. № 1 Индустриалдық паркте орналасқан кәсіпорындарды жылу жүйесімен қамту ісі толық шешілген жоқ, оларда әлі күнге дейін автономды жылу беру пайдаланылады. Көлік саласы бойынша жыл сайын автобус парктеріне әлеуметтік осал топтар үшін субсидия енгізу жайы айтылып келеді. Бизнес тарапынан мемлекеттік органдарға қатысты түрлі сұрақтар туындап тұрады. Қала әкімінің халықпен есеп беру кездесулерінде, палата жанынан құрылған Кәсіпкерлердің құқын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі кеңесте, өңірлік кеңесте түйткілді мәселелер жүйелі түрде көтеріледі.

Карантин бизнеске жайсыз әсер етті. Жекеменшік ұйымдардың жұмыс орындарын сақтау, қызметкерлеріне тұрақты жалақы төлеп тұру және жалпы келісілген міндеттемелерді орындау қиынға соғуда. Оның ішінде жалға алу құнын төлеу, несиені өтеу проблемасы күн тәртібіне шықты.

> **— Карантин ел өміріне өз заңдылығын әкелді. Бизнестің жағдайы өзгерді. Алдын ала мәліметтерге қарағанда қала бюджеті биыл 60 млрд теңгеден қағылғалы тұр. Жұмыссыздық артатыны сөзсіз. Сауда-саттық бизнесі онлайн режиміне көшіп жатыр. Астананың экономикалық даму стратегиясын, аумақты дамыту жоспарын қайта қарастыруымыз керек,– деді Алмат Жүнісов**

Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шаралары көп септігін тигізуде. «Еңбекпен қамтудың жол картасын» жүзеге асыру, жұмыссыз қалғандарға 42500 теңге жәрдемақы беру қарапайым халықтың өмір сүруіне септігін тигізді. Дегенмен, экономиканың белгілі бір секторларының жағдайы нашарлап кеткені жасырын емес. Қызмет көрсету, қоғамдық тамақтану, мейрамханалық бизнес, туризм, азық-түлікке жатпайтын сауда салалары айтарлықтай тоқырады. Карантин режимі босаңдатылған соң, сауда саласында кейінге қалдырылған сұраныс байқалған, алайда тұрғындардың төлем төлеу қабілеті көп төмендеп кеткен. Кейбір салалар әлі де толық қуатында жұмыс істемей жатыр. сондай-ақ санэпид шектеулерге байланысты көпшілігі әлі жұмысын бастаған жоқ. Мәселен, кинотеатрлар, балалардың көңіл көтеру орталықтары, компьютерлік клубтар.

— Карантин ел өміріне өз заңдылығын әкелді. Бизнестің жағдайы өзгерді. Алдын ала мәліметтерге қарағанда қала бюджеті биыл 60 млрд теңгеден қағылғалы тұр. Жұмыссыздық артатыны сөзсіз. Сауда-саттық бизнесі онлайн режиміне көшіп жатыр. Астананың экономикалық даму стратегиясын, аумақты дамыту жоспарын қайта қарастыруымыз керек,– деді Алмат Жүнісов.

Оның айтуынша, бұл жағдайда өндіріске қолдау қажет. Импорт алмастыру арқылы жергілікті үлесті көбейтіп, өндірісті ұлғайту мүмкіндігі ашылды. Қазіргі күні жаңа өндіріс орындарын ашуға және қолданыстағы бизнестің қуатын арттыруға арналған «Қарапайым заттар экономикасы» жұмыс істейді. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуларда жергілікті мазмұн үлесі ұлғайды. Кейбір нысандарды мемлекеттен жеке бизнестің қарамағына беру және бәсекелестік ортада жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылуда. Соның арқасында мемлекеттік шығындар азайтылады. Сондай-ақ нарықта сұранысқа ие мамандарды даярлау бойынша мақсатты түрде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында өндірушілер инвестициялық мақсатта ұзақ мерзімге қаржыландырылады. Шілде айында «Еңбек» бағдарламасына қосымша «Бизнестің жол картасы -2025» шеңберінде шағын және орта бизнесті қаржыландыру шарттары өзгереді. Ол несиелік қаржыны алу жағдайын жеңілдетіп, «Даму» қоры бойынша алынатын соманың 85%-на дейін кепілдендіруге мүмкіндік береді.

50-ден асқан, бірақ зейнеткерлік жасына жетпегендер, сондай-ақ жұмыссыз жастар, аз қамтылған отбасылар, көп балалы отбасы мүшелері, кәсібін жаңадан бастаған және кәсіпкерлер «Бастау бизнес» бағдарламасына қатыса алады. Сол арқылы 555 мың теңге грант алу мүмкіндігі бар. Бұған қоса «Бизнес-мектеп» онлайн-оқыту қолға алынды. Оған ісін жаңадан бастаған және бизнес жасап жатқан кәсіпкерлер қатысады. Үміткерлерді іріктеумен «Атамекен» Қолдау орталығы» еңбекпен қамту ұйымы айналысады. Оқыту орталығы қысқа мерзімді кәсіби оқытуды кәсіпорындар базасында ашуға да мүдделі.

# КЕРЕК КЕҢЕС

# Сауал – сізден, жауап – бізден

**Білім беру ұйымдарына 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау Egov.kz «Электронды үкімет» порталы арқылы онлайн жүзеге асырылып жатыр. Алайда үйде интернет не компьютері жоқ ата-аналар үшін өзге де мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар елдегі пандемияға байланысты балалардың құжаттарын қабылдауда ведомство өзгерістер енгізді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының баспасөз хатшысы Алтынай ЗАРЛЫҚ нақты сауалдарға жауап берді.**





e-gov
www.egov.kz

**– 1-сыныпқа құжаттарды қабылдауға байланысты соңғы өзгерістерге тоқталсаңыз...**

– 1 маусымнан бастап елордада 1-сыныпқа оқушылар құжатын қабылдау басталған еді. Құжаттар 1 тамызға дейін қабылданады. Өтініш бір жұмыс күні ішінде қарастырылады. Құжаттар мектептің қызмет көрсету аумағынан алғашқы 3 өтініш берушіден, одан кейін басқа шағын учаскеден 1 өтініш берушіден (3:1 қағидаты бойынша) қабылданады.

**– 1-сыныпқа бару үшін медициналық тексерістен өту міндетті емес екен. Түсіндіре кетсеңіз...**

– Медициналық анықтамаларды алу бойынша туындап жатқан қиындықтарға байланысты медициналық анықтамаларды кейін, оқу жылы басталғанға дейін өткізуге рұқсат етілді. Әзірге ата-аналар балаларын медтексерістен өткізбеуге болады.

**– Дәл қазір ата-ана қалаған мектепте бала толық болса, не істеу керек?**

– Ондай жағдайда уақыт оздырмай ата-ана баласын өзі тұратын жердегі жақын маңдағы мектептерге баласының құжатын тапсыру керек.

**– 1-сыныпта стандартқа сай қанша оқушы болу керек, бұл норма сақтала ма?**

– Санитарлық ережелерге сәйкес, 1-сыныптағы оқушылар саны 25 баладан аспауы керек. Бірақ демографиялық және көші-қон процестеріне байланысты оқушылар саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан сыныптағы оқушылар саны 25-тен асады.

**– Мектепалды дайындық сыныбы туралы қоса кетсеңіз. Былтыр қанша бала оқыды? Биыл қалай болады?**

– 2019-2020 оқу жылында қаладағы 61 мектепте мектепалды дайындық сыныптары жұмыс істеді. Биыл олар елорданың барлық мектептерінде ашылады.

**– 1 қыркүйектен бастап оқыту форматында өзгеріс бола ма?**

– Алдын ала ештеңе болжамаймыз. Бірақ біз 2020-2021 оқу жылы дәстүрлі форматта басталады деп сенеміз.

## БИЫЛ 10 МЫҢ ОРЫНДЫҚ 12 МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

**Әкім өз сөзінде биыл ашылатын мектеп саны жайлы мәлімет берді: «Биыл 10 мың орынға арналған 12 мектеп қолданысқа беріледі. Олар екі ауысымды болса, 20 мың орын болады. Ал былтыр бас-аяғы 5 мың орын ғана өткізгенбіз» дейді ол. Елорда әкімі биыл салынып жатқан мектептер келер жылы ашылса, 20 мың орынға арналатынын, ал екі ауысымда жұмыс істесе, 40 мың орынға айналатынын жеткізді.**

1. С.Сейфуллин, Ж.Омаров және Сырдария көшелерінің қиылысындағы 900 орындық мектеп;
2. Қорғалжын тасжолының оңтүстігіне қарай 900 орындық мектеп;
3. Оқжетпес және Ш.Бөкеев көшелерінің қиылысы ауданындағы 1200 орындық мектеп;
4. «Мичурин» тұрғын алабындағы 600 орындық мектеп;
5. Сауран және №24 көшелерінің қиылысы ауданындағы 1200 орындық мектеп;
6. Т.Рысқұлов және №36, Е171 көшелерінің қиылысы ауданындағы 900 орындық мектеп;
7. Ұлы Дала даңғылы мен №39 көшесінің қиылысы ауданындағы 1200 орындық мектеп;
8. 525 орындық №31 мектепке жанама құрылыс нысаны;
9. 500 орындық №40 мектепке жанама құрылыс нысаны;
10. 300 орындық №51 мектепке жанама құрылыс нысаны;
11. 625 орындық №52 мектепке жанама құрылыс нысаны;
12. 550 орындық №60 мектепке жанама құрылыс нысаны;
13. 600 орындық №23 мектепке жанама құрылыс нысаны.




Дайындаған
Фарида **КАРИМОВА**



## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

*Шаштараз* – 150000-300000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша 5 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы
Байланыс деректері: silosbuh@mail.ru, 24 38 08, +7 (777) 778 00 33

* * *

*Инженер-программист* – еңбекақы 150000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі қажет емес. Арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті. Ұқыптылық пен командада жұмыс істей алуы шарт және орыс тілін білу қажет
Байланыс деректері: info@kdt.kz, 40 75 26, +7 (778) 645 30 18

* * *

*Электрик* – еңбекақы 132000-165000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті. Білім деңгейі техникалық және кәсіби
Байланыс деректері: mk13ok@mail.ru, 41 43 79

* * *

*Шаруашылық меңгерушісі* – еңбекақы 80000-90000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті, білімі жоғары. Қазақ, орыс тілдерін білу қажет
Байланыс деректері: kompleks_no33@mail.ru, 53 21 66, +7 (777) 419 48 96

* * *

*Автомобиль жүргізушісі* – еңбекақы 100000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі қажет емес, білімі ортадан кейін. Арнайы білімі мен дағдылары маңызды емес, көлік жүргізе білсе жеткілікті
Байланыс деректері: hr@avs.me, 28 88 02, 28 88 03

* * *

*Мұғалім-логопед* – еңбекақы 80000-100000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша 5 жыл жұмыс өтілі, көру қабілеті төмен балалармен жұмыс істей алуы шарт және білім деңгейі жоғары
Байланыс деректері: khasenova1960@bk.ru, 50 17 90

* * *

*Кран жүргізушісі* – 180000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша кемінде 1 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті
Байланыс деректері: tooverdana@mail.ru, +7 (707) 757 54 18, +7 (705) 757 54 15

**Қазақ топырағынан шығып, бүкіл әлемді мойындатқан және күллі адамзатқа ортақ қағидаттарды қалыптастырған халқымыздың мақтаныштары – әл-Фараби және Абайдың өнер мен ғылым туралы айтқандарынан бастап, адам болмысы мен өмірлік ұстанымдары жайлы ойларынан көптеген үндестікті көруге болады.**

# ҰЛЫЛАР

Екеуі де – тек бір ұлт, бір халықтың дүниетанымы шеңберінде қалып қоймай, әлемдік деңгейге көтеріле алған алыптар. Бүгінгі таңда дүние жүзі халықтары IQ көрсеткіші (интеллект көрсеткіші) қай халықта жоғары, ол ұлттың өмір сүру деңгейіне қаншалықты ықпал етуі ықтимал деген мәселелер төңірегінде пікірталас тудырып жатқанда, біздің әл-Фараби және Абай сынды ғұламаларымыз бұл талап деңгейіне сан ғасыр бұрын жауап беріп қойған сияқты. Сондықтан да олардың мұраларын бір ғана ұлт деңгейінде қарастыру тарлық етеді, ал неғұрлым әлемдік аренаға көтеру – ол заман талабы. Дегенмен ең бірінші кезекте «өзіңді-өзің сыйлауың» абзал. Ол үдде тұрғысынан танылу – алыптарымызды өзіміздің жан-жақты танып білуіміз.

### КҮРДЕЛІ ДЕ БҰРАЛАҢ ЖОЛ

Жалпы, біз бүгінде ұлы деп ұлықтап, ұлт мақтанышы деп дәріптеп отырған әл-Фараби мен Абай біз таныған көкжиекке бірден көтеріле салған жоқ. Оларды тануда, танытуда көптеген ғалымдар, ұлт жанашырлары аянбай тер төкті. Мысалы, Ақжан әл-Машани – еуропалықтар Шығыс Аристотелі деп атаған, дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің Отырардан шыққанын және қыпшақ тумасы екендігін алғаш дәлелдеп, араға он бір ғасыр салып қазақ топырағында есімінің әйгіленуіне атсалысып, баба мұраларын жан-жақты зерттеп, фарабитанудың негізін қалап берген ғалым. Алайда Ақжан Жақсыбекұлы Машанидің рөлі барлық жерде айтыла бермейді. Оның да өзіндік себептері жоқ емес.

Ақжан Жақсыбекұлы – 1933 жылы Семейдің геология барлау техникумында ашылған қазақтың тұңғыш техникалық жоғары оқу орны – Қазақ кен-металлургия (қазіргі ҚазҰТУ) институтын тәмамдап, жер ғылымының жаңа саласы геомеханиканың негізін салушы және осы салада отызға тарта ғалымдар тәрбиелеген оның Қазақстандағы мектебін қалыптастырушы. Ақжан сынды ғалымның өзі де құнарлы топырақтан өніп шыққан дән сияқты. Себебі ол – І.Есенберлиннің «Көшпенділер» үштағанының «Қаһар» атты бөлімінде Масан деп бір ғана әрпі өзгертіліп аты аталатын Машан бидің баласы Жақсыбектің ұрпағы. Дәулеті шағын, сауатты әрі салауатты Жақсыбек жиырмасыншы жылдары старшын, болыстық қызметте ел билігіне де араласқан деген деректер бар. Машан би өз заманында Жамантай төренің кеңесші биі, аузымен орақ орған шешен болған екен, ал І.Есенберлин оны атақты Ағыбай батырдың досы ретінде көрсетеді. Қалай болғанда да, «асылдың сынығы», «тұлпардың тұяғы» деуімізге дәлеліміз жетерлік, елім деп еңіреген ерлердің ұрпағы. Оның арғы атасы Қазақ елінің ел болып сақталып қалуы жолындағы ерлермен үзеңгілес болған, қаһармандықты елге үлгі еткен би болса, әкесі де халқымыздың тағдырына алаңдап, билікке араласқан адам. Бір әулеттен тараған үш кезеңде өмір кешкен үш ұрпақ еліне заманына сай қызмет еткен. Әл-Машани қазақ топырағында жаңа ғылым – геомеханиканың негізін ғана салып қоймай, ғылыми-көпшілік және фантастикалық туындылар жаза отырып, қазақ әдебиетінде сол жанрдың негізін салушы қаламгер ретінде де танылады. Сонымен қатар 300-ден астам ғылыми, әдеби еңбектер жазған. Соның ішінде машанитанушы ғалым әрі оның шәкірттері Ш.Абдраман, т. б. пікірі бойынша фарабитану еңбектерінің дені әлі баспа жүзін көрмеген.

Жалпы, әл-Машанидің Фараби әлемінің есігін ашуының өзі тылсым сырларға толы. Ол туралы халық арасында баспа бетін көрген және көрмеген түрлі аңыздар кездеседі. Соның бірі «Ұлы тұлғалар – ғылыми-ғұмырнамалық сериясы» бойынша Ш.Абдраман құрастыруымен жазылған «Фараби – ғибратты ғалым» атты еңбекте «Жаңа жыл түніндегі түс» деген тақырыппен беріліп отыр. Онда 1965 жылғы жаңа жыл қарсаңында Ақжан Жақсыбекұлының көрген түсі баяндала келіп, ғалымның Қазақстанның ғылым әлеміне Фарабиді таныстыра алмай жүрген қиналысы беріледі. Оқиға желісін қысқаша өретін болсақ, таңғы күн шапағымен шырайланып келе жатқан Досым атты жігітке ақсақалы кеудесін жапқан қария кездеседі. Қария одан Мекке-Мадинаны сұрайды. Бірақ атеизм үстемдік етіп тұрған кеңес империя кезінде бұл сөзді жас жігіттің түсіне алмай дал болуы заңды еді. Ал ақсақал оны оқымыстылар, зиялылар отыратын орын деп түсіндірген соң, Ғылым академиясы екенін ұққан жігіт сонда ертіп барады. Жол-жөнекей ақсақал «Солардың ішінде тарих мамандары кім, тіл мамандары кім, пәлсафа мамандары кімдер? Солармен мүмкін болса мені жолықтырсаң» деп өтініш білдірген екен. Жас жігіт бірінші кезекте академик Әлкей Марғұланға, Ісмет Кеңесбаевқа ертіп барған көрінеді. Бірақ араларын сан ғасыр бөліп тұрғандықтан, археология, тіл білімі туралы сұраққа әл-Фараби бабамыз өз көңіліне қонымды жауап ала алмаған екен, яғни қазақ тарихын зерттеп жүрген Ә.Марғұланға Шам шаһары, Мысыр шаһары туралы сұрау қаншалықты мағынасыз болса, «қазақ тілі мен орыс тілін білемін» деген І.Кеңесбаевқа «ертедегі грек тілін, латын, қытай тілдерін білесіз бе?» деп сұрау да орынсыз еді. Әңгімелері жараспаған соң жас жігіт ақсақалды «Пәлсафадан ғұламаларың кім, енді соған апар!» деп өтінген соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне Нұрымбек Жәндіддин деген адамға апарған көрінеді. Қабылдау



*Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.*
***әл-Фараби***

бөлмесіне келіп, хатшыға қабылдай алар ма екен деп, жағдайын айтыпты. Сонда хатшы көмекші арқылы: «институтқа бала түсірмек болып немесе пәтер сұрағалы келсе, қабылдамаймын» деп бір-ақ кесіп айтады.

Мұндай үзілді-кесілді талапқа әл-Фараби: «Оқуға түсір деп сұрайтын менің балам жоқ, пәтердің маған тағы керегі жоқ, өйткені мен ерте замандарда дүние салғанмын, келіп тұрған мен емес, менің сүлдем, рухым» депті. Содан оны қабылдаған екен. Бірінші болып сөз бастаған әл-Фараби: «Сізді үлкен ғұлама, пәлсафа ілімінің уәкілі деген соң келіп отырмын, қандай философиямен шұғылданасың?» деп сұрайды. «Сізге пәлсафаның қайсысы керек?» деп сұрауға сұрау қойған хатшы өзінің маркстік-лениндік философия уәкілі екенін айтады. Бұған таңғалған әл-Фараби: «Маркстік дедің бе, лениндік дедің бе? Ол дегендерің не? Біз білетін пәлсафада ондай дегендер жоқ болатын», «бұл қашан, қайдан шыққан ілімдер?» деп сұрайды. Әңгіме желісін мүлдем ұнатпаған хатшы: «Маркстi, Ленинді білмейтін өзіңіз қандай адамсыз?» деп жекіреді. Енді әңгіме бітті, шығып тұрыңыз дегенді білдіріп, орнынан тұруға ыңғайлана бастайды.

– Сіз ренжіміңіз, мен шынында да білмейді екенмін, ол ілімнің негізін салған кімдер, олар қашан өмір сүрген? – деп сұрайды. Хатшы оған: Бірі – XIX ғасырдың орта кезі, екіншісі – XX ғасырдың бірінші ширегінде, – дейді.

– Иә, солай деңіз, ал мен болсам X ғасырда өмір сүрдім, менен соң олар өмірге келетінін қайдан білейін, – дей келіп, ал енді «Птолемей, Пифагор, Аристотель, Платон философиясынан нақты не білесіз?» дейді. Бұл сұрауға хатшы: «Біз олардан тікелей болмаса да хабардармыз, оларға К.Маркс пен Ленин кезінде баға берген, біз сол тұрғыдан оларды білеміз» деген екен. Бұл жерде де әңгімелері келіспеген соң ақсақал кетіп қалады. Жол-жөнекей өзін Фарабимін деп таныстырады жас жігітке. Сол түсінде Ақжан Жақсыбекұлы әл-Фарабимен жолыққанын көрдім деген балаң жігіт Досымның прототипі Досмұхамед Кішібеков болып шығады. Сол Д.Кішібеков фарабитанушы ғалымның жаңа жыл түніндегі көрген түсі туралы мақала жазып қалдырған.

А.Жақсыбекұлы да сол түсінен кейін жазған мақаласын бірнеше жерге апарып, бастыра алмапты. Апарған редакцияның барлығына мақала ұнағанмен, қасаң саясатқа бағынған заманда әркім өз басының амандығын күйттеп, батыл қадам жасай алмағанға ұқсайды. Бұл жерде назар аудара кететін тағы бір жайт бар. «Түс көру», «түсінде аян беру» деген сияқты тылсым күштерге сену көбінесе қазақ халқына тән болып келетініне де көптеген мысалдар бар. Оны о дүниелік болған ата-бабаға деген құрметпен байланыстыру керек шығар. Халқымызға тән ерекше қасиеттің өзі – жеті атасына дейін біліп, есімдерін ардақтап отыру, сондықтан да болса керек, ұлы істерді бастауда, ірі жорықтарға аттанарда түс көріп, ата-бабаларымен тілдесетін фактілердің кездесетіні. Ақжан әл-Машани Жақсыбекұлының кіндік Азияда фарабитанудың негізін қалауы алдында осындай түс көруінің өзі заңды да болар. Дегенмен осындай жауапты да игілікті істі бастау оңай болмаған. Себебі ол әл-Фарабиді он бір ғасырды араға салып Отырарда кіндік қаны тамған қыпшақ перзенті екендігін дәлелдеумен шектелмей, екінші ұстаз қағидаларын бүгінгі ғылым жетістігімен сабақтастырып, ұлттық дүниетаныммен ұштастыра отырып, оның ұстанған ғылыми-ислами ұғымын тұңғыш рет қазақ ғылымына енгізді. Қызыл империя кезінде мұндай батыл қадамға бару – І.Есенберлиннің «Көшпенділерді» жазу арқылы хандар ерлігін дәріптеу, Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы арқылы «интернационализм» үстемдігі кезінде дараланып жар салу ерлігімен барабар.

Бұл ойымызды дәлелдеу үшін осы жерде тағы да профессор, машанитанушы Шамшиден Абдраман пікірін келтіруге болады. Оның баяндауынша, «әл-Машанидің әл-Фараби туралы қолжазбасы орыс тілінде жазылған, бірінші беттің (машинкамен басылған) төменгі жағында 1973 ж. деп автор қолымен (сиямен) жазыпты. Бұл әл-Фараби бабамызды ешкімге ортақтастырмай, қазақ тумасы екендігін әлемге танытқан, 1975 жылғы қыркүйектің 8-13 аралығында Мәскеуде басталып, Алматыда аяқталған ұлы бабаның 1100 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылғандығын білдіруімен қатар, монографияның тілін де анықтаған көрінеді. Себебі сол ЮНЕСКО тарапынан өткізілген халықаралық конференцияға қатысушыларға орыс тілі ортақ болған. Бірақ кітап шықпай қалған. Дәл осындай ұлы оқиғаға тікелей арналған зерттеуді шығартпай тастатқан шешімнің маңыздылығы – сол ұлы мерейтойды өткізу мәнінен де асып түссе керек! Бір сөзбен айтсақ, бірінші себеп: қазақ ғылым мен мәдениеттен жұрдай, өйткені олар кешегі көшпенділер делінетін идеология ұстанған заманда әл-Фарабидей перзентін тауып, оған соққы берген әл-Машаниді аяқтан шалу ғана емес, сол себептің бастысы – кітапта дүние құрылымының Алланың құдіретінен екендігін айтқан әл-Фараби тұжырымының бүгінгі ғылымының даму негізіне айнытпай айта білген Ақжан түсіндірмесі атеистерге берілген соққы еді. Әл-Фарабидің ауызға жаңа ала басталған – сол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының ішінде зиялы дейтін қазақ қауымының «Ақжан, мына сәлде ораған молданы қазақ деймісің?» деп үрке қараушылары көптеп кездесетін-ді, оны осы жолдың авторы да талай рет көрген еді. Ендеше сол ұлттық зиялыларымызды – қай-қайсы болса да мұндай зерттеудің зияндылығын бастықтарға дәлелдеу қиынға соқпайтын-ды... Солай болды да. Кітап шықпай қалды. Бірақ бұл Ақжан әл-Машаниге ғана жасалынған қысым емес-ті, оның себебі басқада еді. Ол Әбу Насыр әл-Фараби есімімен тікелей байланысты, онымен сабақтас болатын. Баба мерейтойы өтісімен фарабитану ісінің салмағын Ташкентке бағыттау, яғни қазақ жерінде басталған істің кеңейтіліп, дамытылмауы – осының дәлелі. Сол халықаралық конференция қабылдаған қаулының бірде-бірінің орындалмауы, оны орындауды ойластырмауы – мұның бәрі коммунистік биліктің қазақ жерінен фарабитануды аластату саясатының түбегейлі мақсаты болғандығынан еді».

Өмірінің қырық жылын фарабитануға арнаған А.Жақсыбекұлы – Дамаскідегі Баб ас-Сағир зиратынан адамзаттың екінші ұстазының қабірін тауып, мінәжат етіп, бір уыс топырағын Отырарға әкелген тұңғыш қазақ, 1970 жылы жазылған «әл-Фараби» тарихи деректі кітабында ғұламаның көркем бейнесін алғаш сомдаған қаламгер. Сонымен қатар Фараби еңбектерін қазақ тілінде сөйлетіп, оның трактаттарын аударған. Еңбектерін тереңірек зерттеп, зерделеу үшін өз қаржысымен әл-Фараби ғұмыр кешкен Таяу Шығыс елдерін аралап шыққан екен. Ақжан әл-Машани әл-Фараби мұрасын зерттеу мен оның ғылыми өмірбаянын жасауда теңдесі жоқ мұра қалдырған. Ол қазақтың екі ұлы даналары – әл-Фараби мен Абайдың арасындағы рухани байланысты аша отырып, «Әл-Фараби және Абай» зерттеуін жасаған, абайтанудың ренессанстық соны зерттеуін берген. Сондай-ақ жер ғылымының жаңа саласы – геомеханиканың негізін салушы және елімізде оның мектебін құрушы ғалым. Профессор Ақжан Машанов 1968 жылы араб елдеріне саяхат жасап, араб ғалымдарымен кездесіп, Фарабидің Шам (Дамаск) шаһарындағы зиратын іздеп тауып, суретін түсіріп әкелгендігі туралы профессор, машанитанушы Шамшиден Абдраман өз еңбегінде терең ашып көрсетеді. Міне, осылайша қыпшақ даласынан басталған білім мен ғылым сапары Шам қаласына дейін жалғасқан әл-Фараби қаншалықты қиын да күрделі жолдан өтсе, оны елге танытуға, туған жер топырағына қайтарып алып келуде әл-Машани де бірнеше бұралаң жолдан өткен.

# ҮНДЕСТІГІ

Әл-Фараби мұраларымен Абай да медреседе оқыған кезінде таныс болған, Мағжан Жұмабаев, т. б. ұлт зиялылары білген, дегенмен оның қазіргі қазақ топырағының перзенті екенін дәлелдеу Ақжан Жақсыбекұлына бұйырыпты.

Абайды танып білу де қазақ үшін оңайға түспегені белгілі. Оның бастауында, әрине, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Ол 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді зерттеу мақаласын жазды: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан, я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең...» деп жазған екен кезінде. Міне, ресми әдеби ортада, қала берді қазақ қоғамында Абайды ақын ретінде мойындатқан осы мақала болатын.

Әрі қарай халыққа кеңінен таныстыру сияқты сауапты іс М.Әуезов үлесінде екені даусыз дүние. Әрине, «Абай жолы» да оңай жазыла салған жоқ. Ол жолда талай мұрағат ақтарылып, талай адамдардан мәліметтер алынды. Қандай да болсын ғылыми немесе көркем туындының жазылуы бар да, оның жарық көруі бар. «Абай жолы» да талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерген. Бірақ оның авторы – Мұхтар Әуезов бұл жолда жанқиярлықпен еңбек еткен. Оны алған бетінен қайтармаған Абайға, Абай әлеміне деген махаббат еді. Әуезов романды жазуға 1938 жылдың аяғы, 1939 жылдың басында отырыпты. О баста бір кітап болар деп жоспарлаған материал мен жазушы қиялы арнасынан асып, екінші кітапқа ұласады. Жазушы «Абайдың» бірінші кітабын толықтай 1940 жылдың күзінде бітіріп, баспаға берген екен. Бірақ кітап баспада ұзақ жатып қалады. Бұл кезең туралы профессор Бейсембай Кенжебаев өзінің күнделігіне: «1941 жылдың басында бір барғанымда Мұхтар өте қуанышты еді. Кездесіп, әңгімелесе бастағанымыздан-ақ: «Мен биыл үлкен жұмыс бітірдім. Абай туралы біраз жылдан бері жазып жүрген романымның бірінші кітабын бітіріп, баспаға бердім. Бұған дейін ірілі-уақты бірсыпыра жаздым ғой. Мына романым – соның бәрінен өзге, жазушылық қызметімнің бір биік белесі. Адам өзінің әр жұмысына, біріне аз, біріне көп дегендей, әртүрлі қанағаттанады, түрліше риза болады. Мен бұрынғы жазғандарымның ешбіріне бұл романыма қанағаттанғандай қанағаттанған, риза болған емес едім. Бұған бір айрықша қанағаттандым» дегенді айтты» деп жазып қалдырған екен.

Өйткені осы теңдессіз тағдырлы туындының күні бүгінге дейін қазақтың бойтұмарына айналуына осы әдебиет майталманының қосқан үлесі ерен екенін айтпай кету – қиянат. Б.Кенжебаев Алматыға Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы болып 1941 жылы келіпті. Сол кезде Орталық Комитет Б.Кенжебаевқа: «Абай» – ескілікті көксейтін роман, авторы да сенімсіз. Мұндай романды жарияламау керек. Бірақ Әуезовке басқадай сылтау айтып, кітабын қайтарып жібер» деп тапсырма беріпті. Осындай күрделі жағдаяттан Б.Кенжебаев «Кириллицамен жаздырып әкеліңіз» деп, «Абайды» М.Әуезовке қайтарып беріпті. Өйткені роман латын әліпбиімен жазылған екен, ал кеңес өкіметі, сонымен бірге Қазақстан сол кезде кириллицаға көшіп жатыпты. Ал жан дүниесімен Абай әлеміне еніп кеткен жазушы бұл істі де жылдам орындап, романды жаңа әліпбимен жазып әкеліпті. Дәл осы уақытта соғыс болып жатуына байланысты майдан, ерлік туралы туындылар бірінші кезекке қойылып, «Абай» романы тағы кейінге шегеріліпті.

1942 жылы баспа директоры Бейсембай Кенжебаев тәуекелге барып ешкімге білдірместен, «Абай» романын теруге жібереді. Романға редактор болған Қуандық Шаңғытбаевтың жазуынша, жазушыға сүйінші хабарды Бейсембай Кенжебаев көзіне жас алып тұрып жеткізген. Әдебиет зерттеуші Құлбек Ерғөбек ғалымның бұл әрекетіне: «Міне, осындай қысталаң, өзексіз тар, өңезе кезеңде Бейсембай Кенжебаевтың тәуекелі – қайталанбас рухани ерлік, қайталанбас кісілік» деп баға берген көрінеді. Бірақ «саяси сенімсіз» адамның романын жариялап, оны мақтап мақала жазды» деген желеумен Б.Кенжебаев Орталық Комитеттен сөгіс алып, жұмысынан «өз еркімен» кетуге тура келіпті. «Жер-жерде билік айтқан би-шонжардың» баласын мадақтады» деген желеуге қарамастан, ұлт мақтанышы – Абайдың көркем образын жасауда М.Әуезов қандай ерлік жасаса, халық игілігі үшін өз басын қатерге тіккен Б.Кенжебаевтың еңбегі де елеусіз қалмағаны жөн. Бұл мәліметтер мен деректерді М.Мырзахметов, М.Қаратаев, Қ.Мұхамедханов әлдеқашан айтып та, жазып та кеткені белгілі. Солар сынды майталман ғалым, зерттеушілерімізден асып сөз айту, әрине, артықтық болар. Бұл мәселені айтып отырудағы себеп – екі ғұлама, екі алыптың қазақ қоғамына танылуындағы ұқсастықты көрсету. Екеуін де халыққа танытуда бастарын бәйгеге тіккен зиялылар ұлттың рухани болашағына теңдессіз үлес қосқанын көрсету.



*Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.*

***Абай***

Ал Абай өлеңдерінің мәтінтанымын зерделеуде Қайым Мұхамедхановтың еңбегін елемей кету – қиянат. «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген атпен өзінің көлемді еңбегінде абайтанушы ғалым ақын өлеңдерінің мәтінтанымын зерттей келе, екі жүз елу сөзді түзеткенін, жүз жиырма сөзге түсінік жазғанын айтқан екен. Дегенмен мерейтойдан мерейтойға дейін қазанды жылы жауып қоятын әдетімізше әлі күнге толық түзету жұмыстары жүргізілмей келе жатқаны белгілі. Есеп беру үшін ауыз толтырып, «осынша іс-шара өтті, осынша жинақ жарық көрді» деуден аса алмай келе жатқанымыз бар екені де рас.

Сондай-ақ Абайды терең түсіну үшін М.Әуезов аузымен айттырған кейбір әсіре ойларға да бүгінгі күн тұрғысынан қараған жөн. Мысалы, келмеске кеткен кеңестік кезең өз дәурені өтпейтіндей, шындық ашылмайтындай, бір ұлтты тым әсірелеп, екіншісін оған кіріптар етіп көрсеткені құпия емес. Сондай фактілердің бірі ретінде М.Әуезов қайтыс болғаннан кейін 1967 жылы жарық көрген «Абай Құнанбаев» атты мақалалар мен зерттеулер жинағында келтірілген деректерді айтуға болады. Оны құрастырып, алғы сөзін жазған Ысқақ Дүйсенбаев деген әдебиетші екен. Бұл туралы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов «Қайым Мұхамедханұлы және абайтану мәселелері» деген мақаласында мынадай деректер келтіреді: «Сол кітапта Құнанбай айтыпты деген сөз келтірілген: «Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі – сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірің болмайды. Екінші – көрінгенмен жақын боласың, кісі танымайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің – орысшылсың». Абай әкесіне өз пайымдауын ұсынады да, үшінші «орысшылсың дегенге – оның қолында зор қуат, өнер, білімі бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын» деп жауап қатады. Орысшылсың деген Құнанбайдың сыны да, оған Абай жауабы да ақынның 1933, 1940 жылдардағы жинақтарының алғы сөздерінен алынып тасталған. Оның себебі де белгілі. 1932 жылы жарияланған әйгілі «Ашық хатта» М.Әуезов: «...Өз шығармаларының көпшілігімен анығында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы боп шықтым. Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жылдарының қоғамдық заказы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған... Соған ұқсаған қателер Абай шығармаларын тексеруімде де бар» дейді. Үш ғасырға созылған бодандық бұғауы тоталитарлық жүйе тепеішi қателеспесе де «қателестім», адал болса да «жаздым, жаңылдым» дегізді еріксіз. Жоғарыда көрсетілген 1967 жылғы кітапта «орысшылсың» деген сөзден кейінгі «орыстың дұшпандығын ұмытасың» деген Құнанбайдың сыны алынып тасталған, ал оған Абайдың берген жауабы саясат әуенімен «редакцияланып» кеткен. М.Әуезовтің 50 томдық жинағының сегізінші томында Абайдың жауабы ұлы жазушының музей-үйінің архивтік қорынан алынып төмендегіше берілген: «Орысшылсың дегенге: заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек» (71-б.). Жалпақ жұртты ауызына қаратқан Құнанбай пайымы мен кемелдікке талпынған Абай танымы жарыса бой көрсетеді. Бодандық қамытын киген елдің өкілі Құнанбай мен Абайдың патша саясаты және орыс отаршылдығына қатысты қалыптасқан тиянақты түйіндері бар. Түрмеге қамалған, тінту көрген, үйқамақта отырған, маңайын тыңшылар шырмаған, жөнсіз, жосықсыз айып тағылып, тентіреп ұлықтың есігін тоздырған әке мен бала жүрегіне шаншудай қадалған өктемдік із-түссіз қалған жоқ, көкіректерінде шемен боп қатты. Қитұрқы саясаттың соңынан әлі де көзсіз ере бермей, әсіресе, «Абай және орыс әдебиеті» аңғарында сөз қозғағанда жоғарыдағы ойларымыз зерттеушілердің назарынан тыс қалмаса еңбегіңіздің еш кетпегені. Қазақ әдебиетін орыс әдебиетінің шәкірті ретінде ғана тану тоталитарлық жүйенің көлгір саясатының елесі есебінде ғана қабылдануы керек бүгінде» деп айтып кеткен Қайым Мұхамедханов» деп береді.

Бұл ойды толық беріп отырудағы мақсат – Абайға да, Мұхтар Әуезовке де тәуелсіз сана тұрғысынан әділ баға беру кезі әлдеқашан өтіп кеткен, ақиқат үстемдік ету керек дегенді айту.

Енді бір қызығы фарабитанушы Ақжан әл-Машани кезінде осы мәселеге байланысты М.Әуезовке өз пікірін білдіріпті: Мұхтар: «Ақжан, сен осы менің «Абай жолымды оқыдың ба?» деген сұрағына: «Мұқа, «Абайдың» бірінші томын оқып шықтым, ал екінші кітапты бастадым да, жауып тастадым». «Неге?» деген жазушы сауалына «Мұқа, сіз Абайға қазақ даласына айдалып келген орыстарды ұстаз етіпсіз, сондықтан әрі қарай оқуға зауқым соқпады» депті. Міне, бұл жерде де бірнеше мәселенің беті ашылып тұр. Біріншіден, бірі әл-Фарабиді, екіншісі Абайды қазаққа таныту жолында тер төккен екі тау тұлғаның пікірлес екендігін байқасақ, екіншіден, бір-біріне салауатты сын айтқанын көреміз, үшіншіден, бодандықтың бүкіл болмысымыз бен ой-санамызды да бұғауда ұстағанын байқаймыз.

### ОЙШЫЛДАР МҰРАЛАРЫ – ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Ойшылдарымыздың шығармашылығына назар аударар болсақ, ұрпаққа қалдырып кеткен даналық ой-толғамдары әртүрлі сөзбен жеткізілсе де, айтар ой, көздеген мақсат бір болатын. Бұл тұста ғалым Ә.Марғұланның: «Абай мен әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады» деген пікірі осы айтылған ойға саяды.

Әл-Фараби мен Абай мұраларындағы үндестік ретінде мыналарды айтуға болады:

1. Әл-Фарабидің математикалық ілімінде сандар талданады, геометриялық тұрпаттар (фигура) қарастырылады. Сөйтіп болмыстағы сиқырлы сегіз санының қасиеті көрсетіледі. Ал Абай болса дүниенің сегіз сипатын адам бойынан тауып «Сегіз аяғын» жазды. Өстіп баба ашқан табиғаттың сегіздік заңдылығын Абай даналық парасатты уағызына қолданғанын.

2. Фарабидің: «Әрбір адамның дүниеде өз орны бар» деген ой-тұжырымын, Абай жаңаша көзқараста: «Сен де кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деп әрбір адамзат баласының өмірде өзінің орны бары, ел өмірінде, тағдырында елеулі орын алатындығын тілге тиек еткен» дейді А.Машани (Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1989).

3. Фараби «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» жазса, Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» дей келіп, өлең сөзіне қойылатын талапты айтты. Фараби ақынды үш топқа бөліп қарастырады: 1.Табиғи дарыны мол, бірақ өлең теориясын меңгермеген. 2. Табиғи дарыны да бар, өлең өнерін де меңгерген. 3. Осы екеуіне еліктеушілер.

Жазушы Мұхтар Мағауин «Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу – Абай тағылымын бағамдаудан байқалмақ. Абай – қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі – халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген заңғар» деген екен. Ендеше біз Абайды тануда оның әл-Фарабимен болған үндестігін де назардан қағыс қалдырмауымыз керек.

**Салима СИМБАЕВА,**
**«Тұран-Астана» университетінің доценті**

№79-80 (4049) 9 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | tme/elordainfo

# ДҮЙСЕНБІ
## 13 ШІЛДЕ

**QAZAQSTAN**

6.00, 04.20 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45 «Ұлы дала дүбірі», д/ф.
7.10 Т/х «Айналайын».
8.20, 03.40 «Konil tolqyny».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «Теледәрігер».
13.00 «Өркениет шырақшысы», д/ф.
13.30 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
17.15 «Қызық екен...».
20.00, 00.30 AQPARAT.
20.30 «ASHYQ ALAN».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
01.30 «Ashyq alan».
02.25 «100 jana esim».
02.35 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.
02.55 «Азамат», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Новый курс».
8.00 Новости.
8.20 К/ф «Миссия невыполнима: племя изгоев».
10.35, 18.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Ана жүрегі».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
17.10 Т/с «Разия».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Біздің назарда».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
00.00 «Кел, шырқайық!».
01.35 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.50, 22,45 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 Специальный репортаж.
14.15 М/ф «Буба».
14.55 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 Арнайы репортаж.
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.15 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.30 Т/с «Знахарь».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/с «Знахарь».
00.25 К/ф «Линия света».
02.20 «П@УТINA».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.25 «КТК web».
7.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
8.30 «САОДАТ», т/х.
9.50 Т/х «Комната с видом на огни».
11.50 Т/с «Катькино поле».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Худшая подруга».
23.20 Т/с «Шеф».
01.00 Т/х «Комната с видом на огни».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.11 К/ф «Знамение».
13.50 «Последние 24 часа».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ».
23.10 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.20 Т/с «ИНТЕРНЫ».
03.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Шымкент шоу 10 жыл!».
9.00 М/ф «Фиксики».
10.00 Т/с «Три дороги».
14.00 Скетчком «Q-елі».
14.50 «Юморина».
16.50 Т/с «Вольная грамота».
17.50 Т/с «Охотник за головами».
18.50 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/х «Жолдамалы қалыңдық».
21.10 Т/х «Ұлы дала жанұясы».
22.00, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
00.30 Т/с «Замужем за мафией».
01.30 К/ф «Гоголь. Страшная месть».
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».
05.15 «Гу-гулет».

**НТК**

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.20 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 02.30 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 К/ф «Крошка из Беверли-Хиллз».
11.25 М/с «Маша и медведь».
12.00 М/ф «Роботы».
13.35 К/ф «Смокинг».
19.00 Т/с «Физрук».
20.00 К/ф «Казино «Рояль».
22.50 К/ф «Крепись!».
01.35 «Бүлдір-күлдір».
04.00 «СашаТаня», т/с.

# СЕЙСЕНБІ
## 14 ШІЛДЕ

**QAZAQSTAN**

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 Т/х «Айналайын».
8.25 «Отаным десем...» концерт.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «Теледәрігер».
13.00 «Өркениет шырақшысы», д/ф.
13.30 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «ASHYQ ALAN».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
01.30 «Ashyq alan».
02.20 «Азамат», д/ф.
02.40 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20, 19.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Ана жүрегі».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
00.05 «Кел, шырқайық!».
01.40 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.50 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.50, 22,45 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 «Қош келдіңіз!».
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.15 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА», Т/Х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.40 «НА САМОМ ДЕЛЕ».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.30 Т/С «ЗНАХАРЬ».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/С «ЗНАХАРЬ».
00.25 К/Ф «ЛИНИЯ СВЕТА».
02.20 «П@УТINA».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаналықтар.
7.25 «КТК web».
7.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
8.30 «САОДАТ», т/х.
10.00 Новости.
10.30, 01.00 К/ф «У вас будет ребенок».
11.30, 23.20 Т/с «Шеф».
13.30, 21.30 К/ф «Худшая подруга».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
01.50 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.25, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.45 «Экстрасенсы детективы».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
23.10 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.20 Т/с «ИНТЕРНЫ».
03.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 М/с «Фиксики».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.45, 16.50 Т/с «Вольная грамота».
12.00,17.50 Т/с «Охотник за головами».
13.00, 00.30 Т/с «Замужем за мафией».
15.20 Т/х «Бак».
15.40 Скетчком «Q-елі».
16.10, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-3».
18.50, 23.00 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/х «Жолдамалы қалыңдық».
21.10 Т/х «Ұлы дала жанұясы».
01.30 «Айнаонлайн».

**НТК**

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.20 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 02.30 «Екі езу».
9.15 М/ф «Роботы».
12.20 «Однажды в России».
15.30 К/ф «Погнали!».
19.00 Т/с «ФИЗРУК».
20.00 К/ф «Коррупционер».
22.10 К/ф «Морган».
00.50 «Бүлдір-күлдір».

# СӘРСЕНБІ
## 15 ШІЛДЕ

**QAZAQSTAN**

Профилактика
17.00 Әнұран.
17.05 «100 jana esim».
17.15 «Қызық екен...».
18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
20.00, 01.00 AQPARAT.
20.30 «ASHYQ ALAN».
21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
22.30 Т/х «Әмірші әйел».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
01.30 «Ashyq alan».
02.25 «Jan Jylyy».
02.45 «24 sagat tabigat qushagynda».
03.30 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Індетпен күрескен Қазақстан».
8.00 Новости.
8.20, 19.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Ана жүрегі».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
00.05 «Кел, шырқайық!».
01.40 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

Техникалық үзіліс
17.00 «Үздік әзілдер».
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.15 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
20.55 Loto 6/49.
21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
22.00 «Кулфи», т/х.
22,40 «Кекеш келін», т/х.
23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
00.30 «Қош келдіңіз!».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

ПРОФИЛАКТИКА
17.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.30 Т/С «ЗНАХАРЬ».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/С «ЗНАХАРЬ».
00.25 К/Ф «ЛИНИЯ СВЕТА».
02.20 «П@УТINA».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаналықтар.
7.25 «КТК web».
7.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
8.30 «САОДАТ», т/х.
10.00 Новости.
10.30, 01.00 К/ф «У вас будет ребенок».
11.30, 23.20 Т/с «Шеф».
13.30, 21.30 К/ф «Худшая подруга».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
01.50 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

Техникалық үзіліс
16.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ».
23.05 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.10 Т/с «ИНТЕРНЫ».
03.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

Профилактика
17.00 Т/с «Вольная грамота».
17.50 Т/с «Охотник за головами».
18.50 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.10 Т/с «Ұлы дала жанұясы».
22.00 Т/х «ЭЛИФ».
00.30 Т/с «Замужем за мафией».
01.30 Скетчком «Q-елі».
02.30 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».
05.15 «Гу-гулет».

**НТК**

Профилактика
16.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
17.00 К/ф «Коррупционер».
19.00 Т/с «ФИЗРУК».
20.00 К/ф «Возмещение ущерба».
22.10 К/ф «Сквозные ранения».
00.00 «Қағаз кеме», т/х.
00.50 «Бүлдір-күлдір».
02.30 «Екі езу».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# БЕЙСЕНБІ
## 16 ШІЛДЕ

**QAZAQSTAN**

6.00, 04.10 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 Т/х «Айналайын».
8.25 «Таланттан тарту» концерті.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «Теледәрігер».
13.00, 02.30 «Kelbet».
13.30 «Жақсыдан шарапат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.20 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «ASHYQ ALAN».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
01.35 «Ashyq alan».
03.00 «Жақсыдан шарапат», д/ф.
03.25 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 07.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Індетпен күрескен Қазақстан».
8.00 Новости.
8.20, 19.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Ана жүрегі».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
23.50 «Кел, шырқайық!».
01.25 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.50 «Үздік әзілдер».
8.00. 14.30 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.50, 22.40 «Кекеш келін», т/х
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 Elorda live.
14.10 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 «Қош келдіңіз!».
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.15 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 Главные новости.
20.45 Т/с «Знахарь».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/с «Знахарь».
00.25 К/ф «Линия света».
02.20 «П@УТINA».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаналықтар.
7.25 «КТК web».
7.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
8.30 «САОДАТ», т/х.
10.00 Новости.
10.30, 01.20 К/ф «У вас будет ребенок».
11.30, 23.20 Т/с «Шеф».
13.30, 21.30 К/ф «Худшая подруга».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Там, где нас нет».
02.10 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
03.40 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.25, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.45 «Экстрасенсы детективы».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
23.10 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.20 Т/с «ИНТЕРНЫ».
03.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 14.50 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 М/с «Фиксики».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.45, 16.50 Т/с «Вольная грамота».
12.00,17.50 Т/с «Охотник за головами».
13.00, 00.30 Т/с «Замужем за мафией».
14.00, 15.40 Скетчком «Q-елі».
15.20 Т/х «Бак».
16.10 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-3».
18.50 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.10 Т/с «Ұлы дала жанұясы».
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 23.50 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 02.30 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
12.20 «Однажды в России».
13.00 К/ф «Возмещение ущерба».
15.30 К/ф «Мисс Конгениальность».
19.00 Т/с «Физрук».
20.00 К/ф «Пароль «Рыба-Меч».
22.00 К/ф «Пункт назначения-4».
00.40 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# ЖҰМА
## 17 ШІЛДЕ

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 Т/х «Айналайын».
8.25 «Мен – Сырдариямын» концерт.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «Теледәрігер».
13.00 «ИМАН ӨЗЕГІ».
13.30 «Жақсыдан шарапат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.20 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.10 «Қызық екен...».
17.00, 02.30 «Konil tolqyny».
20.30 «ASHYQ ALAN».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
01.35 «Ashyq alan».
02.25 «ИМАН ӨЗЕГІ»
02.45 «Jan jylyy».
03.05 «Жақсыдан шарапат», д/ф.
03.30 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20, 20.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20, 19.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Ана жүрегі».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
18.25 «Қоғамдық талқылау».
20.00 Итоги дня.
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
00.00 Концерт «Армандаған достық».

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.45. 22.40 «Кекеш келін», т/х
11.20, 21.00 «Сулеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Қош келдіңіз!».
16.55 Арнайы репортаж.
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.15 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х.
7.00, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
7.45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!».
16.35 «НЕПУТЕВЫЕ ЗАМЕТКИ».
16.50 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН».
18.45, 02.45 «ЗАҢ СӨЙЛЕСІН».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 «ПОЛЕ ЧУДЕС».
22.00, 00.00 Т/с «Клетка для сверчка».
23.00, 02.00 «П@УТINA».
03.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
04.10 «ҰШҚАЛАҚ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаңалықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
8.30 «САОДАТ», т/х.
9.40 Новости.
10.10, 01.10 К/ф «У вас будет ребенок».
11.30, 23.20 Т/с «Шеф».
13.30, 21.30 К/ф «Худшая подруга».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «Үйтіп-бүйтіп».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
02.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
12.25, 21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.45 «Экстрасенсы детективы».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
21.05 «Неге?».
22.40 К/ф «Профессионал».
01.20 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
05.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 14.50 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 М/с «Фиксики».
9.30 М/с «Леди Баг и Супер кот».
10.00 «О самом главном».
10.50, 17.20 Т/с «Вольная грамота».
12.00,17.50 Т/с «Охотник за головами».
13.00, 00.30 Т/с «Замужем за мафией».
14.00, 15.40 Скетчком «Q-елі».
15.20 Т/х «Бак».
16.10 «Субботний вечер».
17.40 «Юморина».
19.00 «Дизель шоу».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.01 К/ф «Келинка тоже человек-2».
22.40 К/ф «Ва-банк».
00.20 К/ф «Районы».
03.10 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 23.50 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 03.00 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30,17.40 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
12.20 «Однажды в России».
15.30 К/ф «Мисс Конгениальность-2: прекрасна и опасна».
19.50 К/ф «Битва за землю».
22.00 К/ф «Заклятие-2».
00.30 К/ф «Огни над Фениксом».
02.40 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# СЕНБІ
## 18 ШІЛДЕ

6.00, 04.10 Әнұран.
6.05, 02.15 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 02.55 «Қазақ даласының құпиялары», д/ф.
7.15 AQPARAT.
7.45 «Томпақ», д/ф.
8.45 «Жұлдызым» концерті.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NUR TILEY». Сұхбат.
12.35 М/ф «Қос батырдың хикаясы».
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00 «Тұлға», д/ф.
15.30 Концерт.
17.15 «Қызық екен...».
20.00 «Azil alemi».
16.10 «Әйгерім», к/ф.
22.20 «Суперкеліншек», к/ф.
00.10 «Jaidarman».
01.10 «Nur Tiley». Сұхбат.
01.45 «Ауылдастар».
03.25 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Тамаша».
7.15 Концерт «Сезімді қайтейін».
9.15 «Өзін-өзі тану».
9.10 «Discovery: Как устроена Вселенная».
9.45 М/с «Малышарики».
10.00 «От всего сердца».
11.00 «Қызық Times».
11.00 «Жұлдызды жекпе-жек».
13.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
16.40 «Dimash Show. Окружение».
17.30 К/ф «Чудо».
19.30 К/ф «Районы».
21.00 К/ф «Охотник на лис».
23.15 Т/с «Шерлок».
